БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 57 (9634) 1955 жылғы 22 март Сейсенбі

Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет)

Б. Мамаев. —Жүгері егуге әзірліктегі кемшіліктер тез жойылсын (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: **Ә. Киреев.**—Пленум қаулысы кеңінен насихатталсын. **Ш. Қамысбаев.** —Әсерлі үгіт. **Абросимов.** —Екі күндік семинар (2-бет).

Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуі туралы У. Черчилль мен В. М. Молотов арасында алысқан хаттар жайында (2-бет).

Баспасөзіміздің айбынды міндеттері (2 бет).

Совет Одағының Маршалы —Леонид Александрович Говоров (3-бет).

Б. Жақыпов. —Жұмыс жаңаша жүргізілуде (3-бет).

А. Рақымжанов. —Жас сауыншылар (3-бет).

Спорттың бұқаралық болуына жетісейік (3-бет).

И. Шерлин. —Тың жерлерде ағаш өсіру (3-бет).

А. Шатилов. —Халықаралық шолу (4-бет).

В. Чичков. —Империалистік державалардың Латын Америкасы елдеріндегі тартысы (4-бет).

Шетелдерде. (4-бет).

Колхозды ауыл-село мәдениеті

Еліміз еңбекшілерінің материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесін барынша көтере беру туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күн көңіл бөліп отырған басты мәселелерінің бірі. Ауыр индустрияны барынша өркендету негізінде ауыл шаруашылығын шұғыл дамыту, сейтіп жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен толық қамтамасыз ету туралы партия мен үкмет белгілеген шаралар бұл қамқорлықтың айқын айғағы болып табылады.

Біздің партиямыз бен үкметіміздің совет халқы үшін қамқорлық жасаудан басқа ешқандай мүддесі жоқ. Еліміздің қорғанымпаздық қуатын арттыру, халық шаруашылығын жан-жақты дамыту беру шараларының бәрі тек осы мақсаттан туған шаралар. Бұл әкелік қамқорлық арқасында Совет Одағы халқының тұрмыс жағдайы аса жақсарған, мәдениеті ең жоғары дүние жүзіндегі бірденбір елге айналды.

Бір кезде қараңғылық пен жоқшылықтың қыспағында болған қазақ еңбекшілерінің көзіргі өмірі ұлы партия мен үкметтің халыққа жасап отырған әкелік қамқорлығының айқын мысалы. Коммунистік партияның басшылығымен Қазақстан кәзір жетілген ауыр индустриясы мен озат ауыл шаруашылығы, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті бар елге айналды. Халыққа қызмет ететін мыңдаған мәдени-тұрмыстық мекемелер мен орындар саны да жылдан жылға есеңен артып келеді. Ауыл мәдениеті де бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеге көтерілін, адамдардың рухани бейнесі мүлде өзгерді.

Сәулетті Қазақстанның мәдениеті жоғары елге айналғанын біздің облыс өмірінен де айқын көруге болады. Шаруашылық жағынан алып адыммен алға басқан оның аудандарында бұл күндері 600-ден астам мектеп, мыңға жуық мәдени-ағарту орындары жұмыс істейді. Бұрын тек қыял ғана болған электр, кино, радио олардың күнделік тұрмысына берік сіңген әдеттегі іске айналды.

Тұрмыс жағдайы барған сайын жақсарып отырған облыс еңбекшілерінің мәдениеті де көтеріле түсулі. Олардың мәдень ауданындағы Сергиевка селолық клубы мен Скворцовка селолық оқу үйі (меңгерушілері Романенко, Коржук жолдастар), Приешім ауданындағы Надежка, Ленин ауданындағы Ильинка селолық клубтары (меңгерушілері Дьякович, Якутина жолдастар) осы дәрежедегі мәдени-ағарту мекемелері. Бірақ сонымен қатар өз жұмыстарына атүсті қарап, еңбекшілердің мәдени қажетін өтеуді ойдағыдай ұйымдастыра алмай отырған Ленин ауданындағы Явленка, Преснов ауданындағы Николаевка селолық клубтары (меңгерушілері Остроглядова, Стоякин жолдастар) сияқты мәдени-ағарту орындарының бар екендігін де жасыруға болмайды. Шындығында, ауыл мәдениетін көтеруде жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелері басты роль атқаруға тиіс. Бұл әрбір мәдени орындарынан өз жұмыстарын барынша жақсартуды, еңбекшілердің мәдени қажетін өтеуді ойдағыдай ұйымдастыруға жетісуді талап етеді.

Әрбір колхоз бен совхозда электр станциясы мен радио тораптарының болуы ауыл-село мәдениетін арттырудағы маңызды шара болып табылады. Рас, облысымызда толық электрлендірілген және радиоландырылған елді пункттер көп. Бірақ әлі де болса бұл жұмыстардың қарқыны еңбекшілердің өскелең талаптарын қанағаттандырарлық дәрежеде емес екендігін айта кету керек. Біздің облысымызда электр станцияларын сатып алған колхоздар көп-ақ. Бірақ сол станциялардың осы уақытқа дейін жұмысқа қосылмай тұруы қынжыларлық-ақ жағдай. Октябрь ауданындағы «Бірлік» (председателі Тоғанбаев жолдас), Ленин ауданындағы «Бұлақ» (председателі Ағажанов жолдас) ауылшаруашылық артельдеріндегі жағдай нақ осындай. Еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеуге бұлайша қарау зор кемшілік екендігін колхоз, совхоз және МТС, басшылары ешуақытта естен шығармаулары керек.

Ауыл-село интеллигенциясы —ауыл мәдениетін көтеруде зор күш. Жоғары, орта дәрежелі білімдері бар интеллигенттерді облыстың қай колхозынан болса да

Облыс МТС-тері мен совхоздарында трактор жөндеудің барысы туралы

20 МАРТТАҒЫ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

МТС-тер	Трактор жөндеу	МТС-тер	Трактор жөндеу
Николаев	105,5	Петропавл	89,3
Суворов	105,5	Ворошилов	88,6
Тимирязев	100,0	Ленин	88,5
Образцовая	98,9	Приешім	88,4
Преснов	97,7	Вильямс	88,2
Калинин	94,0	Чапаев	88,1
Соколов	93,4	Ильич	87,8
Интернационал	93,2	Полудень	87,1
Булаев	92,5	Сартомар	86,5
Торанғұл	91,8	Майбалық	86,4
Совет	91,0	Семиполка	86,3
Асанов	90,7	Ново-Георгиев	85,7
Куйбышев	90,3	Шағлы	84,7
Пушкин	89,6	Налобин	80,6
Баян	89,4	Чистян	63,1
Коновалов	89,3		

Совхоздар	Трактор жөндеу	Совхоздар	Трактор жөндеу
Шағлы	107,1	Жданов	94,6
Хрущев	106,0	Чистов	94,3
Тимирязев	100,0	Преснов	91,8
Дзержинский	100,0	Қиялы	91,6
Интернационал	100,0	Москворецк	89,7
Петропавл	100,0	Украин	89,2
Явленка	100,0	Октябрь	88,3
Приешім	100,0	Тоқшын	85,1
Степной	100,0	Қызыләскер	84,5
Докучаев	97,5	Буденный	84,2
Ишим	97,4	Мамлют	83,3
Маленков	97,3	Возвышен	80,8
Жамбыл	97,2	Торанғұл	80,7
Булаев	97,2	Совет	77,5
Қарағанды	95,0	Ұзынкөл	75,9

Жүгері егуге әзірліктегі кемшіліктер тез жойылсын

Өткен жылы Мамлют ауданының колхоздары мал азығының базасын нығайту жылы жүгерінің шығымы жақсы болды. Бірақ, МТС басшыларының кінәсінен мұн-

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағының Министрлер Советінен

СОКП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаты, ССРО Қорғаныс Министрінің орынбасары, ССР Одағы Қарулы Күштерінің аса көрнекті қолбасшылары мен құрылысшыларының бірі, Ұлы Отан соғысының даңқы шыққан батыры—Совет Одағының Маршалы **Леонид Александрович Говоровтың** ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін осы жылғы 19 мартта қайтыс болғанын СОКП Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советі қатты қайғырып хабарлайды.

Совет Одағының Маршалы Л. А. **Говоров** Москва қаласында Қызыл алаңда жерленеді.

дени қажеттерін өтеу жолында көптеген мәдени-ағарту мекемелері жұмыс істейді. Тек өткен жылдың өзінде ауыл шаруашылығының еңбекшілері үшін 25 клуб, 15 кітанхана ашылды. Еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізетін мәдени-ағарту орындары облыстың колхоз, совхоз және МТС-терінің бәрінде түгелдей бар. Ал электр станциясы, радио торабы, клубы, ауруханасы, балалар бақшасы, кітапханасы бар колхоздарды қай ауданнан болса да көптен көруге болады.

Ауыл-село мәдениетін көтеру жөнінде Қостанай обкомы, Таран ауданы еңбекшілерінің үндеуін облыс еңбекшілері қызу қарсы алды. Үндеуді талқылауға арналған жиналыстарда ауыл-село еңбекшілері ауыл-село мәдениетін көтеру жөнінде бағалы ұсыныстар жасап, нақтылы шаралар белгіледі. Бұл шараларды жүзеге асырудың нәтижесінде ауыл-селолардағы мәдени-ағарту мекемелерінің саны өткен жылғыдан әлде қайда артты. Облыс колхоздары мәдени мекемелерінің санын көбейте беру және оның жұмысын жандандыру мақсатымен 9 миллион сом қаржы бөлді.

Ауыл-село мәдениетін тек мәдени-ағарту мекемелерінің санымен ғана бағалауға болмайды. Ең алдымен ауыл мәдениетінің дәрежесін көтеруде сол мәдени-ағарту мекемелерінің қаншалықты рөль атқарып отырғандығына тоқталған жөн. Еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын көзіргі талаптардың дәрежесіне сай жүргізіп отырған мәдени-ағарту мекемелері бізде көптен саналады. Полуауыл мәдениетін көтеруде зор роль атқарып отыр. Бірақ барлық қызметін өзіне жүктелген участокпен шектеп, ауыл-селоның мәдени-қоғамдық өміріне араласудан тыс қалып отырған интеллигенттер де жоқ емес. Ал әрбір саналы интеллигенттің өзі қызмет істейтін жердегі өмірдің бел ортасында болуы—зор абройлы міндет. Еңбекшілер арасында мәдени-ағарту жұмыстарын кең көлемде өрістетіп, оларды рухани тәрбиелеу әрбір интеллигенттің борышы екендігін ешкім ұмытуға тиіс емес.

Ауыл-село еңбекшілерінің мәдени қажегін өтеу дегеніміз алдымен оларды мәдени қамтуды үлгілі ұйымдастыру деген сөз. Бұл жұмыста лекциялар мен баяндамаларды ұйымдастыру, көркемсуретті және рылми фильмдерді көптеп көрсету де зор маңыз алады. Колхозшыларды негұрлым үлгілі түрде мәдени қамтысақ, ауыл-село мәдениетін көтеруде солғұрлым игілікті нәтижелерге жете береміз.

Ауыл-село мәдениетін көтеруде бұл жұмыстарға жергілікті партия және совет ұйымдары басшылық етсенде ғана табысқа жетуге болады. Сондықтан еңбекшілердің тұрмыс жағдайын жақсарту негізінде олардың мәдениетін арттыра беру—жергілікті партия, совет ұйымдарының абройлы міндеті.

Саяси маңызы зор ауыл -село мәдениетін көтере беру сияқты бүкілхалықтық іске еңбекшілердің қалың топтарын қатыстыруға жетісу керек. Өйткені ауыл-село мәдениетін көтеру—толғағы жеткен мәселе.

Н. А. БУЛГАНИН жолдастың Қытай Халық Республикасының Елшісі Лю Сяоны қабылдауы

19 мартта ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин Қытай Халық Республикасының ССР Одағындағы Полномочиелі және Төтенше Елшісі Лю Сяоны қабылдады.

Әңгімеге ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары А. И. Микоян қатысты.

(СОТА).

Ф. М. Елкин жолдасты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградтау туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Туғанына 50 жыл толуына байланысты және оқытушылық мінсіз қызметі үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы республикалық партия мектебінің экономикалық ғылымдар кафедрасының меңгерушісі Федор Михайлович **Елкин** Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы,
19 март, 1955 жыл.

Екі. Жекелеген шаруашылықтар бұл жана дақылға айырықша маңыз бере отырып, оны егуді, күтуді және жыйнауды агротехникалық ережелерге сәйкес жүргізіп, одан мол өнім жыйнады. Бұл жөнінде мысалға Каганович атындағы колхозды алуға болады. Бұл колхозда өткен жылы жүгеріден екі мың центнер сұразық дайындалды.

Дегенмен, аудан колхоздарының көпшілігінде жүгері өнімі айтарлықтай болған жоқ. Жағдай, әсресе Чапаев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда нашар болды. Бұл колхоздардың, сондай-ақ МТС-тің басшылары жүгері егудің агротехникалық ережелерінің әрсекел бұрмалануына жол берді. Кейбір колхоздар жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен ексе де, оның қатараралықтарын баптауды ұйымдастырмады. Бұл фактінің өзі жүгері егуге жете мән берілген жерлерде ғана одан тұрақты әрі мол өнім алуға болатындығын дәлелдейді.

Чапаев атындағы МТС-тің басшылары өткен жылдың кемшіліктерінен быйыл қорытынды шығарып, үстіміздегі жылы жүгері егуге барлық жағынан мұқият әзірліктің болуын қамтамасыз етулері керек еді. Атап айту керек, МТС-тің кейбір басшылары жүгері егісін егудің маңыздылығына әлі де болса жете түсінбей отыр. МТС-тің бас агрономы Балашов жолдас былай дейді:

—Біздің МТС-тің жағдайында жүгеріден мол өнім алуға болмайды. Ауа райының жылылығы және жердегі ылғал жүгерінің өсіп-өнуіне жетіспейді. Мұның өзі Балашов жолдастың жүгері егісінің малазығындық дақылдар егісінде атқаратын орасан зор ролін бағаламайтындығын көрсетеді.

Шынында Чапаев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздардың жағдайында жүгеріден көкше күйінде мол өнім алуға, тіпті, дән алуға да болады. Мұны кейбір колхоздардың колхозшылары іс жүзінде дәлелдеп те келеді. Чапаев МТС-і орналасқан Дубровное селосында тұратын колхозшы Мария Девятова жолдас соңғы он жыл бойы өзіне бекітіліп берілген жер участогінде үнемі жүгері егіп келеді. Ол жыл сайын жүгеріден жақсы дән алып жүр. Көзір Девятова жолдаста біздің облыстың ауа райына бейімделген жүгерінің тұқымы да бар.

Алайда, бас агроном Балашов жолдас, сол сияқты МТС-тің және колхоздардың басшылары Девятова жолдастың іс тәжрибесімен әлі күнге дейін танысқан да жоқ. Олар мұндай тәжрибені көпшілік игілігіне айналдыру, сөйтіп МТС бойынша зор өрлеу туғызу орнына, «жүгері біздің колхоздарда шықпайды» деген теріс ұғымда жүр.

МТС қамтуындағы колхоздарда өткен жылы жүгеріден мол өнім алынбауын егіс егуде және күтуде агротехникалық ережелердің мұқият қолданылмауынан деп түсіну керек. Ленин атындағы колхозда өткен Ал Маленков атындағы колхозда жүгері егісі арам шөбі көп участокке егілді. Осындай кемшіліктер басқа колхоздарда да кездескендіктен МТС-те жүгерінің шығымы нашар болды. Бірақ бұл кемшіліктерді МТС басшылары мойындағылары келмейді. Олар әлі де өздерінің істегі қабілетсіздіктерін бүркемелеу мақсатында жүр.

Быйыл ауданда жүгері егісінің көлемі өткен жылғыдан үш-төрт есе ұлғайтылады. Мұның өзі жүгері егуге барлық жағынан мұқият әзірлікті қажет етеді. Алайда, бұл уақытқа дейін ауданда жүгері егуге әзірліктің жайы мүлдем нашар. Жүгері егісі шаршы-ұялы әдіспен егілген жағдайда ғана мол өнім береді. Сондықтан тұқымды осы әдіс бойынша себуге бейімделген сеялкалар керек. Бұл уақытқа дейін аудан МТС-терінде үш-төрт сеялка ғана бар. Чапаев атындағы, Вильямс атындағы МТС-тердің директорлары Богданов және Галямов жолдастар ат сеялкаларын тұқымды шаршы-ұялы әдіс бойынша егуге бейімдеу жөнінде екі жылдан бері уәде беріп жүр. Бірақ бұл жағдай күні осы уақытқа дейін құрғақ уәде күйінде қалып келеді.

Жүгері егісі біздің облыстың жағдайында жаңа іс. Сондықтан оны егу, күтудің жолдарын егіншілерге түсіндіру, үйрету керек. Алайда, аудан агрономдары бұл мәселеден әлі де тыс қалып жүр. Олар бірде-бір колхозда жүгері өсірудің агротехникасын үйренетін үйірмені ұйымдастырған жоқ.

Бірқатар колхоздарда жүгері егілетін участоктерді таңдап алу жұмыстары ұйымдастырылмаған. Ал жергілікті және минералды тыңайтқыштарды дайындау ескерілмей отыр. Бірде-бір колхозда жүгері тұқымы жоқ. Шынында жүгері тұқымы дайындау пункттерінде бар. Бірақ, оны тасу жұмыстары ұйымдастырылмай келеді.

Жүгері егісін егуге әзірліктің жайы аудан колхоздарында осындай төзгісіз жағдайда. Соған қарамастан аудандық партия комитеті мен Совет аткомінің басшылары бұл істегі кемшіліктерді дереу жою жөнінде нақтылы шаралар қолданбай отыр. Мал азығының базасын нығайту міндеті аудан, МТС, колхоз басшыларынан жүгері егуге тыңғылықты әзірлік ұйымдастыруды қажет етеді.

Жүгері—аса маңызды дақыл. Оны егуге барлық жағынан тыңғылықты әзірлік жасау қажет екендігі мәлім. Олай болса, әрбір колхоз, совхоз бен МТС жүгері егуге қажетті тұқымды, құрал-саймандарды үлгілі әзірлеуге тиіс. Сол сияқты, жүгері егудің және баптап-күтудің агротехникалық ережелерін колхозшыларға, МТС механизаторларына және совхоз егіншілеріне жете түсіндіру қажет.

Бұл—әрбір аудан партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарының алда тұрған басты міндеті.

Б. МАМАЕВ.



ССР Одағы Қорғаныс Министрлігінен

СОКП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, ССРО Қорғаныс Министрінің орынбасары, Совет Одағының Маршалы Леонид Александрович **Говоровтың** ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін осы жылғы 19 мартта қайтыс болғанын ССР Одағы Қорғаныс Министрлігі қатты қайғырып хабарлайды.

Совет Одағының Қарулы Күштері Ұлы Отан соғысының аса көрнекті қолбасшысы, ССР Одағы Қарулы Күштерінің көрнекті қайраткері және ұйымдастырушысы болған Маршал **Л. А. Говоровтан** айрылды.

ССРО Министрлер Советінде

ССР Одағы Министрлер Советі қаулы етті:

Совет Одағының Маршалы **Л. А. Говоровты** жерлеуді ұйымдастыру үшін мына құрамда комиссия құрылсын: Совет Одағының Маршалы В. Д. Соколовский (председатель), комиссияның мүшелері: Совет Одағының Маршалы С. С. Бирюзов, Совет Одағының Маршалы К. С. Москаленко, А. Ф. Горкин, М. А. Яснов.

Совет Одағының Маршалы Говоровты жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі комиссиядан

Совет Одағының Маршалы **Л. А. Говоровтың** сүйегі салынған табыт Одақтар Үйінің Колонналы залына қойылады.

Марқұм **Л. А. Говоровпен** қоштасу үшін осы жылғы 21 мартта күндізгі сағат 11-ден бастап есік ашық болады.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

22 март, 1955 ж. № 40 Москва қаласы

Бүгін, 22 мартта, күндізгі сағат 4-те Москва қаласында Қызыл алаңда СОКП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, ССР Одағы Жоғарғы Советінің депутаты, ССР Одағы Қорғаныс Министрінің орынбасары, Совет Одағының Маршалы Леонид Александрович **Говоров** жерленеді.

Совет Одағының Қарулы Күштері **Л. А. Говоровтың** табыты алдында өздерінің жауынгерлік туларын иіп, көрнекті қолбасшы және Ұлы Отан соғысының даңқы шыққан батырына құрмет көрсетеді.

БҰИЫРАМЫН:

Совет Одағының Маршалы **Л. А. Говоровты** жерлеу сағатында марқұмға ақырғы жауынгерлік құрмет көрсетілсін және Отанымыздың астанасы —Москвада артиллериядан салют берілсін.

ССР Одағы Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы Г. ЖУКОВ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Пленум қаулысы кеңінен насихатталсын

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы егіншілік пен мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің кеңейтілген программасын жасап, деревнядағы бұқаралық -саяси жұмыстың үнемі, әрі табандылықпен жақсартылып отыруын партия ұйымдарына міндет етіп жүктеді. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыруға біздің Конюхов ауданы партия ұйымының толық мүмкіншіліктері бар.

Өткен жылдарға қарағанда біздің ауданда бастауыш партия ұйымдары мен колхоз активінің саны анағұрлым өсті. Ауданда 300-ден астам агроном, зоотехник, медицина қызметкері, мұғалім және басқа да село интеллигенттері бар. Бұлар, сөз жоқ, үлкен күш, бұқаралық-саяси жұмысты жүргізуде партия ұйымдарының негізгі таянышы.

Аудан өмірінен осындай зор күшті орынды пайдаланудың, бұқаралық-саяси жұмысқа нақтылы басшылық жасаудың, саяси жұмысты өмірмен тығыз байланыстыра жүргізудің көптеген мысалдарын келтіруге болады.

Суворов МТС-нің коллективі, өз міндеттемелеріне сәйкес, Советтердің сайлауы алдында тракторлар мен басқа да құрал-сайманларды жөндеуді толық аяқтады. Кәзір МТС шөп жыйнау құрал -сайманларын жөндеуге кірісті. Бұл жұмысты олар көктемгі егіс басталғанға дейін аяқтамақшы.

Мұндай табысқа жетудің басты себебі не? Ол себеп мынада: МТС партия ұйымы (секретары Громов жолдас) қызметкерлерді ұйымдастыра білді. Ұйымдастыру деген—айтуға оңай сөз. Ал практикада жан- жақты, толып жатқан формалары бар, кең көлемде жүргізілуін талап ететін үлкен жұмыс. Осы жұмыстың бір түрі—саяси үгіт МТС коллективінде жақсы жүргізіледі. Мұнда үгіт коллективінің құрамына жұмыс жүргізе білетін қабілетті адамдар іріктеліп алынған.

Январь Пленумының қаулысына байланысты, ауданның бастауыш партия ұйымдары мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты әрдайым жақсарта беруге ұмтылуда. «Путь Ленина», Молотов атындағы ауылшаруашылық артельдерінің фермаларында қызыл мүйістер ұйымдастырылып, олар радиоқабылдағыштармен жабдықталды және баспасөзбен қамтамасыз етілді.

Солай болғанмен де ауданда бұқаралық саяси жұмыста олқылық жоқ деп айтуға болмайды. «Жаңа тұрмыс», Куйбышев атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының партия ұйымдары (секретарьлары Омаров, Роговой, Ситников жолдастар) бұл жұмысты ақсатып алып отыр. Мұнда әлі де болса саяси үгітті науқандық жұмыс деп қараушылық жойылып болған жоқ. Аталған партия ұйымдары бұқаралық -саяси жұмыс туралы көптеген қарарлар да қабылдады. Сөйтсе де бұл қарарларды орындауға қажет ұйымдастыру жұмысы жүзеге асырылмай келеді.

Баса көрсету керек, аудандық партия комитеті және оның Чистян МТС-і аймағы бойынша нұсқаушылар топтары шаруашылық істердің тар шеңберінде қалып отыр. Мұнда саяси үгіт мәселесімен айналысу жоқтың қасы. Ал жоғарыда аталған колхоздардың бастауыш партия ұйымдары МТС аймағындағы нұсқаушылар топтарынан практикалық көмек және нақтылы басшылық күтіп отыр. Аудандық комитеттің Чистян МТС-і аймағы бойынша нұсқаушылар тобы, аудандық партия комитетінің осы МТС аймағындағы секретары Брек жолдас саяси үгітті аяқсыз қалдырып келеді.

Саяси үгітті кәзір бәсеңдетуге болмайды. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы осыны талап етеді. Пленумның тарихи қарарларын еңбекшілер арасында кеңінен түсіндіру—аудан партия ұйымының кезек күттірмейтін міндеті.

Ә. КИРЕЕВ,
ҚКП Кенюхов аудандық комитеті насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі.

ӘСЕРЛІ ҮГІТ

Приешім ауданы, «Бостандық» колхозында бұқаралық- саяси жұмыстың қарқыны Советтердің сайлауы өткеннен кейін де бәсеңдеген жоқ. Кәзіргі кезде үгітшілер еңбекшілер арасында СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи қарарларын және ССРО Жоғарғы Советінің екінші сессиясының материалдарын түсіндіріп жүр.

Үгітшілер өздерінің жұмысын колхоз өмірімен тығыз байланыстыра жүргізеді. Бұл салада мұғалім С. Қыздарбеков, зоотехникалық ережелер туралы лекция, баяндамалар да жасап отырады. Ыбраев жолдас үгітші болып істейтін мал фермасында малдардың күтімі кәзір жақсы, мал қоралары әрдайым таза ұсталады, төл үйлері де зоотехникалық ережелерге сай. Үгітшінің әңгімесінде озаттар тәжрибесі де ортаға салынып отырады. Мәселен, аға шопан Қабаш Шаяқин жолдас—колхоздың маңдай алды қой күтушілерінің бірі. Жуырда Ыбраев жолдас мал өсірушілер арасында

Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуі туралы
У. Черчилль мен В. М. Молотов арасында алысқан хаттар жайында

Англия, АҚШ және ССРО премьер-министрлерінің арасында кездесу ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде лейбористер енгізген қарар жобасы бойынша 14 мартта ағылшын қауымдар палатасында болған жарыссөз кезінде Англияның премьер- министрі У. Черчилль сөз сөйледі.

У. Черчилль 14 мартта ағылшын парламентінде жасаған мәлімдемесінде Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуін ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде 1954 жылғы июль-август айларында У. Черчилльдің және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың арасында жазысқан құпия хаттардың мазмұнын жариялап жіберді. Бірақ, мұнда ол арнаулы хаттардың дәлме-дәл тексті келтірілмейді.

Бұл арнаулы хаттардың мазмұнынан көрініп отырғанындай, Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуі туралы өткен жылғы 4 июльде ұсыныс жасаған У. Черчилльдің нақ өзі 27 июльдегі арнаулы хатында өзінің бұл ұсынысынан бастартты. Мұның өзі Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде Жалпыевропалық кеңес шақыру жайында Совет Үкметінің 24 июльдегі нотасында жасаған ұсынысы У. Черчилль ұсынған екі үкмет басшыларының кездесуі «орнына жүреді» деген сылтаумен жасалды. Мұндай сылтаудың дәлелсіз екендігі мынаның өзінен-ақ айқын көрінеді: ағылшын премьер-министрі Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуінен бастартқаннан кейін іле-шала ағылшын үкметі Жалпыевропалық кеңеске қатысудан да бастартты.

В. М. Молотовтың 31 июльдегі және 11 августағы арнаулы жауап хаттарында тура былай деп көрсетілді: екі үкмет басшыларының кездесуі туралы мәселені Жалпыевропалық кеңес шақыру туралы ССРО-ның ұсыныстарымен байланыстыруға ешқандай негіз болған жоқ, ал бұл кезге дейін Женева Кеңесінің қол жеткен табысы басқа мәселелерді де реттеу ісіне көмектесуге тиіс болған еді.

Төменде Англия мен ССРО үкметтері басшыларының кездесуін ұйымдастыру туралы мәселе жөнінде У. Черчилль мен В. М. Молотовтың 1954 жылы өзара алысқан арнаулы хаттарының толық текстері жарияланып отыр.

1. У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАНЫҢ В. М. МОЛОТОВҚА АРНАУЛЫ ХАТЫ, ССРО-дағы АҒЫЛШЫН ЕЛШІСІ У. ХЭЙТЕР МЫРЗА 1954 ЖЫЛҒЫ 4 ИЮЛЬДЕ ТАПСЫРҒАН

Премьер-министрден Молотов мырзаға.

Құпия және тек өзіне.

ны маған айқын, бірақ президент Эйзенхауэрдің 30 июньдегі өзінің баспасөз конференциясында бұл мәселе жөнінде жасаған анағұрлым қолайлы мәлімдемесімен Сіздің танысқаныңыз күмәнсіз. Менің ойымша, Құрама Штаттар менің жұртшылық пікірі алдындағы жағдайымды шамасынан келгенінше жеңілдете алады.

2. Бұған Сіздің үкметіңіз қалай қарайды? —деген сұрақ туады. Менің мұны біздің Сіздерге ресми ұсыныс жасауымыздан және кездесу мезгілі мен орны туралы мәселелерді қарауымыздан бұрын білгім келеді. Сіз достықпен талай рет әңгімелескен Антони Иден, әрине, менімен бірге келеді. Мен Маленков мырзамен немесе, соғыс жылдарындағыны ұмытпасам, Сіздің саяси әріптестеріңіздің басқа ешқайсысымен ешуақытта да кездескен емеспін.

3. Егер күшейген сенім, шиеленісті бәсеңдету және тыныштық жағдайында қатар өмір сүрудің ақылға сыйымды тәсілін табуды көздейтін бірден-бір ғана мақсатпен, күн тәртібінсіз достықпен кездесу жайындағы пікірдің оларға ұнайтын-ұнамайтынын Сіз маған хабарласаңыз, мен бұған өте қуанар едім.

4. Біздің кездесуіміз, ол қай жерде өткізілсе де, қарапайым және ресми емес кездесу болып, тек бірнеше күнге ғана созылатын болса да, бұл кездесу бұдан да гөрі көлемді кездесудің кіріспесі болар еді, мұндай көлемді кездесуде көп мәселелерді реттеуге болар еді. Бірақ, менің бұл жөнінде өз үміттерімді ғана білдіруден басқа ештеңе айтуға өкілдігім жоқ.

5. Соғыс кезіндегі жолдастық қатынастарымыз туралы көп ойлай келіп, мен Сіздің өзіңіздің және Достарыңыздың не ойлап отырғандарыңызды маған мүмкіндігінше тезірек хабарлауыңызды өтінемін.

4 июль 1954 ж.

2. В. М. МОЛОТОВТЫҢ У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАҒА АРНАУЛЫ ХАТЫ, ССРО-ның АНГЛИЯДАҒЫ ЕЛШІСІ Я. А. МАЛИК 1954 ЖЫЛҒЫ 6 ИЮЛЬДЕ ТАПСЫРҒАН

Премьер-министр
У. Черчилль мырзаға.
В. М. Молотовтан.

Маған 4 июльде елші Хэйтер тапсырған Сіздің маңызды арнаулы хатыңыз үшін Сізге рахмет айтамын.

Совет үкметі бұл арнаулы хатпен ынта қойып танысты, оның маңызы оған әбден түсінікті. Әсіресе кәзіргі жалпы жағдайда әбден орынды жасалып отырған Сіздің инициативаңызға мұнда дұрыс қаралатындығына Сіздің сенуіңізге болады.

Сіздің өзіңіздің және премьер Г. М. Маленковтың қатысуына болатын достық кездесу туралы айтқан Сіздің ойыңыз және бұл кездесудің мақсаттары туралы Сіздің айтқан пікірлеріңіз Москвада тілектестікпен қарсы алынып отыр. Әлбетте, біздің елдеріміз арасындағы қатынастардың дамуымен тығыз байланысты болған А. Иден мырзаның мұндай кездесуге қатысуы әбден орынды деп қарсы алынады.

Біздіңше, мұндай тура байланыс ең

еске түсіріп тұрады. Бұл өткен уақытты еске түсіруіңіз орынды. Мынадай сұрақ туады: соғыс жылдарында біздің елдеріміз арасында біздің халықтарымыз үшін ғана емес, сонымен бірге, бүгіл дүние жүзінің тағдыры үшін де соншалықты үлкен маңызы болған қатынастар жасалып келген еді, ал кәзір осы қатынастардың осындай жақсы бағытта дамый алмай отыруының себебі неліктен? Ал бізге келетін болсақ, біз осыған ұмтылудамыз және Сіздің арнаулы хатыңызды осы тұрғыдан қарап отырмыз.

5 июль 1954 ж.

3. У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАНЫҢ В. М. МОЛОТОВҚА АРНАУЛЫ ХАТЫ, 1954 ЖЫЛҒЫ 7 ИЮЛЬДЕ У. ХЭЙТЕР МЫРЗА АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН

Сіздің арнаулы хатыңызға көп-көп рахмет айтамын. Бұл хатқа мен бірнеше күннен кейін жауап қайтарамын.

4. У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАНЫҢ В. М. МОЛОТОВҚА АРНАУЛЫ ХАТЫ, 1954 ЖЫЛҒЫ 27 ИЮЛЬДЕ У. ХЭЙТЕР МЫРЗА АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН

Премьер-министрден Молотов мырзаға жеке және тек өзінің арнаулы хаты.

Сіздің қолма-қол жіберген 5 июльдегі сыпайы арнаулы хатыңызға осы уақытқа дейін жауап бере алмағаныма қынжыламын. Бірақ мен Женева кеңесі аяқталғанға дейін күте тұруға тиіс болғанымды Сіздің Иден мырзамен жасаған әңгімелеріңіз негізінде Сіз түсінді деп сенемін. Мен онда келісімге қол жеткеніне қуанамын және бұл келісім бұзылмас деп үміттенемін.

Өзімнің әріптестеріммен ақылдасып, мен августың аяғында немесе сентябрьдің бірінші жартысында орта жолдағы пункттің бірінде, мысалы, Берн, Стокгольм немесе Вена сияқты пунктте кездесуді ұсыну үшін Сізге жаңадан арнаулы хат жолдауға әзірленіп жатыр едім. Бірақ бұл кезде біздің 7 майдағы нотамызға жауап ретінде Сіздің 24 июльдегі нотаңыз жарияланды. Бұл, әрине, мен ойлаған жоспарға сай келмейді. Менің мақсатыммен үмітім біздің екі үкметтің басшылары арасында екіжақты ресми емес келіссөздер жүргізуде болған еді, бірақ кәзір, Женева кеңесі аяқталғаннан кейін, Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде бұдан бірнеше ай бұрын Совет үкметі жасаған ұсыныстарды қайтадан талқылау үшін Сіз европалық мемлекеттер мен Құрама Штаттардың қатысуымен ресми конференция өткізуді ұсынуға ұйғардыңыз, соның өзінде, мен бұл конференцияда үкметтер басшыларының болуы көзделмей отыр деп ойлаймын.

Міне мұның өзі бірер уақытқа мен ұсынған ресми емес шағын кездесудің орнын басқан сияқты. Ал мұндай кездесу, мүмкін, үш немесе төрт державаның ең жоғары дәрежедегі кеңесінің кіріспесі болған болар еді.

5. В.М. МОЛОТОВТЫҢ У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАҒА АРНАУЛЫ

лық кеңес шақырылсын деп 24 июльдегі нотада жасалған біздің ұсынысымыз біздің мемлекеттеріміз үкметтері басшыларының Сіз ұсынған кездесуінің бірер уақытқа орнын басқан сияқты, деп жазыпсыз.

Мынаны айтуға тиіспін: ресми емес кездесу, соның өзінде ешқандай күн тәртібінсіз кездесу туралы Сіздің 4 июльдегі арнаулы хатыңызда жасалған ұсынысты Европада хауіпсіздікті қамтамасыз ету жайында таяудағы айлардың ішінде кеңес шақыру туралы мәселемен байланыстыруға болады деп санауға біз ешқандай негіз жоқ деп білеміз.

31 июль 1954 жыл.

6. У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАНЫҢ В. М. МОЛОТОВҚА АРНАУЛЫ ХАТЫ, 1954 ЖЫЛҒЫ 6 АВГУСТА У. ХЭЙТЕР МЫРЗА АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН

Премьер-министрден
Молотов мырзаға
жеке және тек өзінің арнаулы хаты.

Сіздің 31 июльдегі хатыңыз үшін Сізге рахмет айтамын. Өзімнің бастапқы жобамды қайсы бір дәрежеде өзгерткім деп хабарлайтын ниет менде жоқ еді. Бірақ Сіз күтпеген жерден қайта көтерген Сіздің Берлиндік ұсынысыңыз жаңа жағдай тудырды, өйткені мен ұсынған және, менің ойымша, Сіздің өзіңіз де пайдалы болар еді деп санап отырған, екі державаның ең жоғары дәрежедегі ресми емес кеңесін өткізумен қатар бір мезгілде халықаралық үлкен ресми конференция өткізу мүмкін болмас еді. Сіз ресми нота жолдаған Британия, Америка және Франция үкметтері кәзіргі уақытта өздерінің жауаптарын әзірлеп жатыр. Англиядағы және басқа елдердегі министрлер жылдың бұл кезінде сапарға шығып кетуі ықтымал бола тұрса да, мен мүдделі үш үкметтің Сіздің дипломатиялық нотаңызға жауабы осы айдың ішінде жіберіледі деп ойлаймын. Міне сондықтан біз бұл бағытта қандай оқыйғалар болатынын қашан білгенге дейін күте тұрайық, содан кейін менің жобамды осы оқыйғалар тұрғысынан тағы да бір рет зерттеп шығайық.

7. В. М. МОЛОТОВТЫҢ У. ЧЕРЧИЛЛЬ МЫРЗАҒА АРНАУЛЫ ХАТЫ, 1954 ЖЫЛҒЫ 12 АВГУСТА Я. А. МАЛИК АРҚЫЛЫ ЖІБЕРІЛГЕН

Премьер-Министр
У. Черчилль мырзаға В. М. Молотовтан жеке және тек өзінің арнаулы хаты.

Мен Сіздің 6 августағы арнаулы хатыңызды алдым, бұл хатта Сіз өзіңіздің бастапқы жоспарыңызды қайсы бір дәрежеде өзгертпегеніңізді және бұл мәселеге қайта оралатын ойыңыз бар екенін хабарлапсыз.

Ал жалпыевропалық кеңес туралы сонымен қатар төрт мемлекет министрлерінің кеңесі жайындағы біздің ұсынысымызға келетін болсақ, бұл ұсыныс, Сізге мәлім болып отырғанындай, үш үкметтің 7 майдағы тиісті нотасына берілген жауап болып табылады. Біздің бұл жауабымыз, әлбетте, Женева

дастардың жұмысы айтарлықтай. Ыбраев жолдас өзінің өндірістік жұмысымен тікелей байланысты жер— мал фермасында үгітші болып істейді. Ол мал өсіруші-лер арасында жиі- жиі саяси тақырыптарда әңгімелер өткізумен бірге зоотехнинде әңгіме өткізді.

Ыбраев жолдас үгітші болып істейтін фермада мал шығыны жоқ. Мұнда қотамдық малдың қыстан көнді шығатыны заңсыз.

Ш. ҚАМЫСБАЕВ.

ЕКІ КҮНДІК СЕМИНАР

Петропавл аудандық партия комитеті бастауыш партия ұйымдарының секретарьларымен екі күндік семинар өткізді. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысына байланысты бастауыш партия ұйымдарының міндеттері жөнінде аудандық партия комитетінің секретары Пономарев, партия жиналыстарын өткізу практикасы және қабылданған қаулылардың орындалуын тексеру туралы КПП аудандық комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Сәрсенбаев жолдастар баяндама жасады.

Сонымен бірге семинарға қатысушылар үшін комсомол, кәсіподақ ұйымдарына партия басшылығы, жас коммунистермен жұмыс істеудің әдістері, коммунистердің саяси оқуын ұйымдастыру деген тақырыптарда баяндамалар болды. Семинарда партия ұйымдарының секретарьлары өз жұмыстары жөнінде сөз сөйлеп, тәжірибе ауыстыр.

Г. АБРОСИМОВ.

кездесуі туралы мәселе жөнінде менің 1953 жылғы 11 майда білдірген тілегім жайындағы және, егер бұл мүмкін болмаған күнде, Сіздің үкметіңіз мұны тілейтін болса, менің өзім Сіздің үкметіңізбен тікелей байланыс жасауға тырысамын деп қауымдар палатасында менің оқтын-оқтын жасаған мәлімдемелерім жайындағы Сіздің пікіріңізге менің Америкаға барған сапарымның қандай әсер еткенін білгім келеді. Кәзіргі уақытта Құрама Штаттардың қатыспайты-

жоғары дәрежедегі кездесуді жүзеге асыруға қызмет ете алады, өйткені мұны халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге және бейбітшілікті нығайтуға мүдделі болып отырған барлық жақтар мойындайтын болады.

Москвадағы басшы саяси қайраткерлердің жалпы пікірін Сізге айтуды қажет деп санаймын. Олар соғыс кезіндегі біздің жолдастық қатынастарымызды және бұл істің бөрінде Сіздің аса көрнекті роль атқарғаныңызды әрдайым

Я. А. МАЛИК А. ИДЕН МЫРЗАҒА 1954 ЖЫЛҒЫ 31 ИЮЛЬДЕ ТАБЫС ЕТКЕН

Премьер-министр
У. Черчилль мырзаға.
В. М. Молотовтан.

Сіздің 27 июльдегі арнаулы хатыңызды алдым.

Сіз өзіңіздің арнаулы хатыңызда: Европадағы, коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде жалпыевропа-

дырылып келді. Біз де, өз тарапымыздан, Женевада қол жеткен жақсы нәтижелер басқа мәселер жөнінде де реттеу ісіне көмектесуге тиіс болған болар еді деп санаймыз.

Біздің 24 июльдегі нотамыз жөніндегі Сіздің ескертпелеріңізбен байланысты мен бұл толықтыруды өзімнің бұдан бұрынғы хатыма қоса жолдауды қажет деп санадым.

11 август 1954 ж.

ЖӨНДЕУ КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАҢА ӨНІМІ

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі өзінің жөндеу-механикалық кәсіпорындарының өндірістік программасын өткен жылмен салыстырғанда 20 миллион сомға ұлғайтты.

Мал шаруашылығына арналған өнімдер шығаруды едәуір арттыру көзделуде. Кәсіпорындар 1.400 шөпмаялағыш жасайды, бұл—өткен жылғыдан екі есеседей көп.

Орал заводы мал фермаларына арналып аспалы жолдар жасауды игеруде. Завод бір жылда 200 ферманы аспалы жолдармен қамтамасыз етеді. Ақтөбенің заводы ауыл шаруашылығына су тартатын 500 қондырғы береді.

Алматының «XX лет Октября» заводы МТС-тер мен колхоздарда қолданылатын бу қуатымен жылыту котелдерін өндіруді

жолға қойды. Мұнай шаруашылықтары жанармай құятын көп цистерналар алады. Металл кеспектердің өзі ғана өткен жылғыдан 10.000 көп шығарылады. Министрліктің кәсіпорындары биыл шығаратын табақ шойынмен жаңа тұрғын үйлердің, өндірістік орындардың 50.000 шаршы метр төбесін жабуға болады.

Республиканың оңтүстік аудандарындағы МТС-тердің ауылшаруашылық машиналарын мақтаны тарқатарлы әдіспен сервуге бейімден қайта жабдықтау жөніндегі заказдары орындалуда. Алматының жөндеу-механикалық заводы «Универсал» тракторларының 1.020 жарты біліктерін жасайды бұл біліктер мақта жыйнайтын машиналар агрегатында пайдаланылады.

(ҚазТАГ).

БАСПАСӨЗІМІЗДІҢ АЙБЫНДЫ МІНДЕТТЕРІ

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарлары партиямыздың, бүкіл совет халқының айбынды іс программасы болып табылады. Бұл тарихи қарарларды жүзеге асыруда баспасөз маңызды роль атқарады.

Коммунистік партия бүкіл халық шаруашылығының берік негізі болып табылатын ауыр индустрияны онан әрі өрге бастыруды басты міндет деп санап отыр. Олай болса, біздің баспасөзіміз совет халқының металл өндіруді, машиналар жасауды, электр қуатын өндіруді барынша арттыра беру жолындағы, көмір мен мұнайды көп шығару, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын аяқтауды көздеген бүкілхалықтық социалистік-жарысты өрістету жолындағы күресін күн сайын кеңінен жазып отыруға міндетті.

Халық шаруашылығын өркендету жоспарларын орындауға еңбек өнімділігін онан әрі арттырудың шешуші маңызы бар. Солай бола тұрса да, көптеген газеттер еңбек өнімділігін арттыруға шақырған жалпылама сөздермен ғана тынып, өндірістің экономикасына терең зер салмайды, республиканың, өлкенің, облыстың жетекші кәсіпорындарының жұмысын естен шығарып жібереді.

Мысалы, Челябинскі мен Запорожье — металлургияның ірі орталықтары екендігі жұртқа мәлім. Бірақ облыстық «Челябинский рабочий», «Запорожская правда» және «Червоне Запоріжжя» газеттері металлургия кәсіпорындары жұмысының түбірлі мәселелерін нашар жазады.

Көмір өнеркәсібінің орасан зор ішкі резервтері бар, бірақ бұл резервтер әлі де жеткіліксіз пайдаланылып келеді. Мысалы, өткен жылы Қарағандыда ең ірі «Ленинуголь» және «Сталинуголь» трестері жоспарды орындамады. Солай бола тұрса да, «Социалистическая Караганда» газетінде бұл көмір трестерінің артта қалу себептеріне терең талдау жасайтын материалдар жоқ, шахталардың жобадағы қуаттарын неғұрлым тез игеру, механизмдерді пайдалану, комплексті механикаландыру және еңбекті дұрыс ұйымдастыру мәселелері үстірт жазылады.

Соңғы жылдары Шығыста қуатты мұнай өнеркәсібі құрылды. Бірақ «Советская Татария», «Совет Татарстаны», «Советская Башкирия», «Совет Башкорстаны» газеттерінің мұнай өнеркәсібінің жұмысына осы уақытқа дейін баса көңіл бөлмей отырғаны мүлде төзгісіз жағдай. Бұл газеттерде мұнай кәсіпшіліктерінің жұмысын, барлау және пайдалану жөніндегі бұрғылау, мұнай шығарудың прогрестік әдістерін қолдану мәселелерін жан-жақты, істі біле отырып баяндайтын мақалалар мен корреспонденциялар сирек басылады.

Газеттер металлургия және машина жасау кәсіпорындарының, шахталардың, мұнай кәсіпшіліктерінің электр станцияларының мен құрылыстардың, темір жол және су транспортының жұмысын күнбе-күн жазып отыруға, әрбір кәсіпорынның жоспарды орындауы жолындағы, технологиялық тәртіпті бұлжытпай сақтау, жабдықтардың қуатын толық пайдалану, жаңа қуаттарды неғұрлым жедел іске қосу, техникалық прогресс жолындағы, өндірістің барлық резервтерін іске жұмылдыру жолындағы күрес тәжірибесін қорытып отыруға тиіс.

Партияның қарарларында атап көрсетілгеніндей, кәзіргі кезеңдегі ең маңызды халықшаруашылық міндеті, ауыр өнеркәсіпті онан әрі барынша өркендете отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыруда болып отыр. Бұл үшін ең алдымен астық өндіруді 1960 жылға дейін оның жалпы түсімін жылына кемінде 10 миллиард пұтқа жеткізуді қамтамасыз ететін мөлшерде ұлғайту қажет.

Оңтүстік аудандарда егіс жұмыстары көзірдің өзінде басталды, көктемгі егістің жаппай басталуына да көп уақыт қалған жоқ. Егіске әзірліктің барысы мен оны өткізу жұмыстарын газеттердің беттерінде жедел, тыңғылықты жазып отыру керек, газеттер кемшіліктерді дер кезінде ашып, егіс жұмыстарының мерзімін қысқартуға, егіншілік мәдениетін арттыруға күш салып отыруға тиіс. Біздің баспасөзіміз барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыру жолында, егін жыйнау кезінде астықтың ысырабын азайту жолында қажырлы күрес өрістетіп отыруға міндетті.

1956 жылдың өзінде тың және тыңайған жерлерге егіс көлемін кемінде 28—30 миллион гектар ұлғайту керек болып отыр. Мысалы, Қазақстанның колхоздары, МТС-тері мен совхоздары үстіміздегі жылы тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен ауылшаруашылық дақылдарының егіс көлемін, 1953 жылғы 9,7 миллион гектардың орнына, 19 миллион гектарға дейін арттыруға тиіс. 1956 жылы Қазақстанда егіс көлемі 27 миллион гектарға дейін, соның ішінде дәнді дақылдар егісі— 23 миллион гектарға дейін артады. Биыл республикада жаңадан 250 астық совхозы құрылуда.

Ондаған мың совет патриоттары тың жерлерге баруда. Сондықтан да біздің баспасөзімізден және ең алдымен Қазақстанның, Сибирь, Урал, Поволжье өлкелері мен облыстарының газеттерінен жаңа жерлердің қалай игерілін жатқанын кеңінен көрсетіп отыру, жаңадан қоныстанушыларды үнемі қамқорлыққа бөлеп, оларға көңіл бөлу талап етіледі.

Астық өндіруді арттырудың ең ірі резервтерінің бірі жүгері егісін ұлғайту болып табылады. 1960 жыға дейін жүгері егісінің көлемі кемінде 28 миллион гектарға жеткізілуге тиіс. Мысалы, РСФСР-де үстіміздегі жылдың өзінде жеті миллион гектар, Украинада—бес миллион гектардан аса жүгері егу белгіленді.

Соңғы кезде көптеген газеттер жергілікті практикадан нақты мысалдар мен фактілер келтіре отырып, бұл бағалы дақылды, оның артықшылықтарын насихаттай бастады.

Алайда, кейбір газеттер зиянды шаттастыруға жол беріп, жүгеріге тек балғын жемшөп алудың көзі ғана деп теріс ұғыммен қарайды, жүгері астықтың жалпы түсімін арттырудың аса маңызды резерві екенін жете бағаламайды. Жүгеріге бұлай қараудың астық өндіруді арттыру ісіне нұқсан келтіруі ықтиймал. Оңтүстік-Шығыс облыстарының ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің кеше Саратовта ашылған кеңесінде облыстық «Ульяновская правда» және «Чкаловская коммуна» газеттері осындай қателіктері үшін әділеттікпен қатты сыналды.

Сүттенің-қамырланған кезінде жыйналатын бүкіл жүгері егісі, өнімін бөлек жыйнағанда, собықтарынан дән береді, сонымен қатар тураған және сүрленген сабақтар түрінде балғын жемшөп те береді.

Көптеген республикалар мен облыстарда жүгері басқа дақылдардың арасынан әлі де өзіне лайықты орын алған жоқ. Колхоздар мен совхоздардың егін даласында жүгері өсіруге жол бермеуге әртүрлі сылтаулармен әрекет жасап отырғандарды баспасөз бетінде түйреп, сынау керек. Барлық жерде де жүгері егісінің едәуір ұлғайтылуына, колхозшылардың жүгері өсірудің жергілікті жағдайға нәтұрлым қолайлы агротехникасын білуіне, шаршы-ұялап егу тәсілдерін игеруіне, өздерін жақсы тұқымдармен дер кезінде қамтамасыз етуіне қамқорлық жасау керек. Жүгері жайындағы жалпылама боссөз аз болсын, жанды нақты іс көп болсын! Комсомол баспасөзі жастардың жүгеріден мол өнім алу жолындағы социалистік жарысын кеңінен жазып отыруға міндетті.

Кейбір республикалық, облыстық және аудандық газеттер колхоз құрылысының практикасын қалай болса солай, үстірт және жалаң жазады, қоғамдық мал шаруашылығы мәселелерімен нашар шұғылданады. Грузин республикалық «Заря Востока» газетін мысалға алайық. Бұл газеттің беттерінде малшылардың мақалалары сирек басылады, озат тәжрибе нашар қорытылады, мал шаруашылығын өркендетуге басшылық етудегі кемшіліктерді қатты сынаудың өзі де болмай отыр. Ол ол ма, газет кемшіліктерді қымқырып көрсетуге, тіпті кемшіліктер туралы үндемеуге тырысады. Мал шаруашылығын өркендетудің өткен жылғы қорытындылары туралы басмақалада «Заря Востока» республиканың колхоздарында қой санының едәуір азайып кеткен фактісі жөнінде үндемей өте шықты.

Белорус республикалық «Колхозная правда», газетінің, облыстық «Омская правда», «Красный Курган» газеттерінің беттерінде озат колхоз және совхоз фермаларының тәжрибесі бір шама жақсы жазылып отыр. Біздің барлық газеттеріміз озаттардың тәжрибесін, агрозоотехникалық қылымның табыстарын тынбастан насихаттап отыруға, бұл тәжрибе мен табыстарды практикаға енгізу жолында қажырлылықпен күресін отыруға тиіс.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарына сәйкес орталық және жергілікті баспалар озат тәжрибені насихаттау ісін едәуір жақсартуға міндетті. Колхоз деревнясы зоотехния, жемшөп өндіру, мал шаруашылығын механикаландыру мәселелері жөнінде жақсы жазылған кітаптар мен анықтамалардың, суретті плакаттардың көп болуын күтуде. Ал бұлардың колхозшы оқушының қолына дер кезінде жететін болуы өте маңызды іс.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы ауыл шаруашылығына басшылық етуді жақсартуға және деревнядағы партиялық-саяси жұмысқа зор көңіл бөлді. Жергілікті партия, совет және ауыл шаруашылық органдарының инициативасын көрсетіп отыру, ауыл шаруашылығын өркендетуге олардың жауапкершілігін арттыруға күш салу—газеттердің міндеті.

Кәзір колхоздарда, МТС-тер мен совхоздарда СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының қарарлары негізінде астық шаруашылығы мен мал шаруашылығын шұғыл өрге бастыру жөнінде шаралар белгіленуде. Колхоздарда, аудандарда, облыста бұл шаралардың қалай жасалып жатқанын баспасөз бетінде кеңінен көрсету қажет. Село коммунистерінің жұмысын, аудандық партия комитеттерінің МТС айналасындағы ұйымдастырушылық топтарының колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы резервтерді ашып, пайдалану ісіндегі ролін тартымды етіп, кең жазып отыру керек.

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы бұқара бәрін біліп отырса, ол бәрін де істей алады және бәріне де саналылықпен бара алады деген ұлы Ленинның нұсқауын еске салды. Қала мен деревня еңбекшілерін еңбекке, өзінің міндеттеріне саналылықпен қарау рухында тәрбиелеп отыру, әрбір қызметкердің өз еңбегі Отанымыздың қуатын нығайту және оны көркейте беру жолындағы, коммунизм орнату жолындағы бүкілхалықтық ұлы күрестің бір бөлегі болып табылатынын түсіну рухында әрбір қызметкерді тәрбиелеп отыру— баспасөздің міндеті.

(«Правданың» 18 марттағы басмақаласынан).

Совет Одағының Маршалы— ЛЕОНИД АЛЕКСАНДРОВИЧ ГОВОРОВ

КОКП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат, СССР Жоғарғы Советінің депутаты, Совет Одағының Қорғаныс Министрінің Орынбасары, Совет Одағының Маршалы Леонид Александрович **Говоров** ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін осы жылғы 19 мартта қайтыс болды.

Совет мемлекеті және оның Қарулы Күштері аса көрнекті қолбасшылардың бірі, Совет Армиясының ірі қайраткері, Отанымыздың және Коммунистік партияның адал ұлы, Маршал **Л. А. Говоровтан** айрылды.

Леонид Александрович **Говоров** 35 жыл бойына өзінің барлық күшін, білімін, ораған зор жауынгерлік тәжрибесін армияны құру, Отанымыздың қуаттылығын нығайту ісіне және оның жауларына қарсы жанаямай күресуге жұмсады.

Әскери бастық және аса көрнекті қолбасшы **Л. А. Говоровтың** таланты Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше күшпен көрінді. Ол басқарған әскерлер қиын әрі күрметті жауынгерлік жолдан өтіп, Отанымыздың жауынгерлік данқының шежіресіне тамаша беттер қосты.

Л. А. Говоров Москва үшін болған ұлы шайқаста неміс-фашист басқыншыларын талқандаған Армияны, Ленинградты қорғауда және қаһарман қаланың қоршауын жоюда майдан әскерлерін тамаша басқарды.

Майдан әскерлерін шеберлікпен басқарғаны үшін, зор көлемді ұрыс қыймылдарын ойдағыдай жүргізгені үшін оған Совет Одағының Маршалы атағы берілді.

Ұлы Отан соғысы аяқталысымен **Л. А. Говоров** Қорғаныс Министрлігінде басшы қызметтерде істеп, бүкіл қайнаған күш-жігерін, тәжрибесі мен білімін Совет мемлекетінің Қарулы Күштерін онан әрі нығайтуға және жетілдіруге жұмсады.

Совет Үкметі **Л. А. Говоровтың** Отан алдында сіңірген еңбектерін жоғары бағалады. Оған Совет Одағының Батыры деген атақ берілді, ол «Жеңіс» орденімен 5 Ленин орденімен, 3 «Қызыл Ту» орденімен, 2 1-дәрежелі Суворов орденімен, 1-дәрежелі Кутузов орденімен, «Қызыл жұлдыз» орденімен және көптеген медальдармен наградталды.

Совет Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флотының жауынгерлері аса көрнекті қолбасшы, Совет Одағының Маршалы **Л. А. Говоровтың** табыты үстінде өздерінің жауынгерлік жалауларын иіп, оның мезгілсіз қайтыс болғандығына бүкіл совет халқымен бірге қатты қайғырады.

Отанға жан-тәнімен қызмет етудің, Коммунистік партияға шексіз берілгендіктің үлгілерін көрсеткен аса көрнекті қолбасшының Ұлы Отан соғысының даңққа бөленген батырының бейнесі совет адамдары мен Қарулы Күштер жауынгерлерінің жүрегінде әрдайым сақталады.

БУЛГАНИН, ВОРОШИЛОВ, ЖУКОВ, ВАСИЛЕВСКИЙ, КОНЕВ, СОКОЛОВСКИЙ, Н. КУЗНЕЦОВ, ЖИГАРЕВ, ТИМОШЕНКО, МАЛИНОВСКИЙ, МЕРЕЦКОВ, БУДЕННЫЙ, БИРЮЗОВ, БАГРАМЯН, МОСКАЛЕНКО, ЕРЕМЕНКО, ГРЕЧКО, ЧУЙКОВ, НЕДЕЛИН, ЯКОВЛЕВ, ПЕРЕСЫПКИН, ВАРЕНЦОВ, В. КАЗАКОВ, ЧИСТЯКОВ, ВЕРШИНИН, МАЛИНИН, АНТОНОВ, МАЛАНДИН, ЖЕЛТОВ, Ф. КУЗНЕЦОВ, БЕРГ, БЕЛОКОСКОВ, ПЕТРОВ, КУРАСОВ, ПОЛУБОЯРОВ, ПРОШЛЯКОВ, ВИНОГРАДОВ, ЗАХАРОВ, ГОРБАТОВ, БАТОВ, РАДЗИЕВСКИЙ, ФЕДЮНИНСКИЙ, ЛУЧИНСКИЙ, ЛЮДНИКОВ, ЖАДОВ, КУРОЧКИН, ОДИНЦОВ, ШУМИЛОВ, ФРОЛОВ, КОЛПАКЧИЙ, М. КАЗАКОВ, ТРОЦЕНКО, ПУХОВ, В. КУЗНЕЦОВ, БЕЛОВ, КОНСТАНТИНОВ, ГОЛИКОВ, БАГАТКИН, РЫТОВ, БАТИЦКИЙ, ФОКИН, БАСИСТЫЙ, ГОРШКОВ, ПАНТЕЛЕЕВ, ЧАБАНЕНКО, ГОЛОВКО, КАСАТОНОВ, ИВАНОВ, БЕСКРОВНОВ, ШАФРАНОВ.

Совет Одағының Маршалы Леонид Александрович ГОВОРОВ жолдастың ауруы және қайтыс болу себебі туралы

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

Л. А. Говоров жолдас ұзақ уақыттан бері гипертониялық аурумен және жалпы атеросклерозбен науқастанып келді.

1954 жылғы июльде стенокардияның қатты түйілуі басталып, бұл инфаркт миокардты күшейтіп жіберді. Кейінгі айларда жасалған ем жалпы жағдайды сәл

Инфаркт миокардтың қайталауы өкпе инфарктының өршуін асқындырып жіберді, мұның өзі кеселді ерекше күшейтті.

Денеге жасалған патологиялық-анатомиялық зерттеу қан тамырларына, әсіресе жүректің күретамырларына жайылған склероз бар екенін көрсетті. Жүрек етінің сенің қалған жерлері бар екені және



Суворов МТС-нің мотор жөндеу торабында жұмыс істейтін ағайынды Григорий және Анатолий Губерлер күндік тапсырманы біржарым есе және одан да асыра орындайды.

СУРЕТТЕ: ағайынды Григорий (сол жақта) және Анатолий **Губерлердің** «СТЗ—НАТИ» тракторының моторын жөндеп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Жұмыс жаңаша жүргізілуде

Бұлаев ауданы, «Гигант» колхозының мүшелері шаруашылыққа сіңірген еңбектерінің игілігін көзбен көріп отыр. Өткен жылы колхоз бір миллион 300 мың сомнан аса табыс алды, мұның 546 мың сомы— мал шаруашылығынан түскен кіріс. Сөйтіп мал шаруашылығы өнімдерін өндіру едәуір артты. Сондай-ақ колхоз егіннен 1953 жылғыдан 4610 центнер өнімді артық алды. Жыл ішінде салынған бірқатар құрылыстар іске қосылды. Өткен жылда ғана колхоз бес автомашина, бір жылжымалы электр станциясын сатып алды. Колхозшыларға қосымша ақы ретінде ғана берілген ақшаның өзі 69500 сом. Колхоз бойынша әр сиырдан орта есеппен 1575 литр сүт сауылды, әрбір қойдан үш килограмм жүн алынды.

Міне, бұл елеулі табыстар колхозшыларды жаңа іс, жаңа жоспар бойынша еңбектенуге ынтықтыруда. Мұны СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын талқылауға арналған жыйналыста алған міндеттемелер мейлінше айқын көрсетті.

Колхоз сауыншыларының қазіргі көрсеткіштері де елеулі. Мысалы, сауыншы Денисенко, Тимченко және Гольвец жолдастар өткен жылы әр сиырдан 1700—1750 литрден сүт сауды. Биыл екі, екіжарым мың литр сүт саууға міндеттенін отыр. Егер колхоз жұмысындағы кейбір кемшіліктерге жол берілмесе, та-

Бұл кемшіліктердің бәрін колхозшылар қазір жете түсінін отыр. Сондықтан олар бұл кемшіліктерді көрсетумен ғана тынбай, оны жоюдың нақты шараларын белгіледі. Колхозда дәнді дақылдар егісінің көлемі әлдекайда артады, тек бидай дақылының өзі 5 мың гектарға жеткізілмек. Бір жылдық және көпжылдық шөптер өткен жылғыдан 450 гектар артық егіледі.

Колхоз мүшелері аса бағалы дақыл— жүгеріні мол өсу ісіне ерекше көңіл бөлуде. Рас, мұнда өткен жылы да жүгері егілген-ді. Бірақ өнім өте аз болды. Бұл — дақылға ұқыпты күтім жасалмаудың, бұл дақылды жете бағаламаудың салдары еді. Қазір мұндай теріс көзқарас мүлде жойылған. Колхоз үстіміздегі жылы мал азығына арнап 70 гектар жүгері егуді жоспарлап отыр, бұл артельдегі әрбір сиырға 4 тоннадан сүрленген жүгері азығын дайындауды қамтамасыз ететін болады. Орталық Комитеттің январь Пленумының қарарына сәйкес колхоздың жасап отырған жаңа жоспары осындай. Бұл жағдайлардың жүйелі түрде жүзеге асуы, колхозда жоспарланып отырғандай, әрбір сауын сиырдан екі мың литр сүт сауууды, әрбір қойдан төрт килограмм жүн қырқуды қамтамасыз ететіні күмәнсіз.

Б. ЖАҚЫПОВ,

Спорттың бұқаралық болуына жетісейік

Физкультура-комсомол активінің облыстық жыйналысынан

Жуырда физкультура- комсомол активінің облыстық жыйналысы болып өтті. Оған колхоз, совхоздардағы және МТС-тердегі төменгі спорт коллективтерінің өкілдері, бастауыш комсомол ұйымдарының секретарьлары, мектептердің физкультура пәнінің мұғалімдері мен аудандық физкультура және спорт комитеттерінің председательдері, физкультура- комсомол активі қатысты.

Облыстық Совет аткомі председателінің орынбасары Н. Дроздецкая жолдас өзінің баяндамасында төменгі спорт коллективтерінің жұмысындағы кемшіліктерді атап көрсетті. Күні осы уақытқа дейін кейбір колхоз, совхоздарда төменгі спорт коллективтері ұйымдастырылған жоқ. Колхоз басқармалары, совхоздар мен МТС-тердің директорлары ауыл-селода спорттың бұқаралық болуына қажетті жағдайлар жасамай отыр. Әсресе, «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының жұмысы қанағаттанғысыз. Буған ең алдымен облыстық, аудандық физкультура және спорт комитеттері кінәлі. Олар төменгі спорт коллективтеріне басшылық жасаудан тыс қалды, оларға практикалық көмек көрсетпеді.

Жарыссөзде 17 адам сөйледі. Олардың ішінде Полудень, Октябрь аудандық физкультура және спорт комитеттерінің председательдері Лепшин, Блучий, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Коробов, «Урожай», «Динамо» ерікті спорт қоғамдарының нұсқаушылары Уланов, Марков, Мамлют, Чистов орта мектептерінің физкультура пәнінің мұғалімдері Латипов, Охроменко жолдастар және басқалары бар.

Жыйналыста сөйлеген физкультура-комсомол активтері қаладағы, ауыл-селодағы спорт жұмысының қанағаттанғысыздығын айтты. Мамлют, Приешім және Соколов аудандарында жыл сайын ГТО значогін алушыларды даярлау жоспары орындалмайды. Осы аудандардың спортшылары облыстық жарыстарға тым сирек қатысады.

Облыстың көптеген мектептерінде дене тәрбиесі жолға қойылмаған. Кейбір мектептерде арнаулы білімі жоқ, қабілетсіз, кездейсоқ адамдар физкультура пәнінен сабақ береді. Спорт секцияларының жұмысы да нашар. Педагогикалық училищеде спорт секцияларына небары 40 студент қатысады. Бұл барлық училище студенттерінің 10 процентіне ғана.

Облыстық оқу бөлімі мен облыстық физкультура және спорт комитеті физкультура пәнінің мұғалімдерімен, басқа спортшылармен бірде-бір рет семинар өткізген емес. Ал, мұндай семинарлар үнемі өткізіліп, онда қатысушылар пікір алысса, мұның өзі мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізуде төменгі спорт спортпен әуестенуіне үлкен бөгет жасауда. Спорт жабдықтары мен спорт киімдерінің жетімсіздігінен көптеген мектептер мен төменгі спорт коллективтері түрлі спорт жарыстарын өткізе алмай отыр. Соған қарамастан облыстық тұтынушылар одағы, жергілікті сауда орындары спорт жабдықтарын кезінде ауыл-селоға жеткізіп, сатуды ұйымдастырған жоқ. Мұндай жағдайға бұдан әрі тіпті де төзуге болмайды.

Жарыссөзге шығып сөйлеушілер жаттығу өткізетін орындардың жетімсіздігіне тоқталды. Қалада үш спорт залы бар. Бірақ олар жаттығу жұмыстарына пайдаланылмай келеді. Оның біреуі жатақханаға айналдырылған. Ал, екіншісі жөнделмеген. Соның салдарынан жазғы спорт маусымына жаттығу әлі қолға алынған жоқ. Қалалық Совет аткомі спорт залдарын босату жөнінде қаулы алғанымен ол қаулы аяқсыз қалуда.

«Еңбек резерві» ерікті спорт қоғамының нұсқаушысы Сутюшевтің сезін тыңдаушылар зейін қоя тыңдады. Ол «Еңбек резерві» ерікті спорт қоғамының есебінен қалалық физкультура-комсомол активінің күшімен Борки ауданында шанғы базасын және стадион салуды ұсынды. Облыстық Совет аткомінен осы құрылыстар үшін құрылыс материалдарын босатуды сұрады. Бұдан кейін Сутюшев жолдас қаладағы ерікті спорт қоғамдары төменгі спорт коллективтерін қамқорлыққа алса, оның колхоз, совхоздардағы спорт жұмысын жандандыруға, ауыл-село спортшыларының қатарын көбейтуге айтарлықтай әсер ететінін айтты.

Жарыссөзге шығып сөйлеушілердің сөздерінде облыстық, қалалық физкультура және спорт комитеттеріне әділ сындар айтылды. Облыстық комитеттің қызметкерлері жергілікті жерлерде жиі болып, спорт коллективтеріне жұмыс үстінде практикалық көмек көрсетудің орнына, оларға бұйрықтар, директивалар жіберумен ғана тынады. Облыстық комитет жергілікті спорт ұйымдарымен байланысты жақсартып, басшылық етудің мұндай жарамсыз стилінен арылуы тиіс.

Қазақстан КП облыстық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Егоров жолдас облыс спортшыларының алдындағы міндеттерге тоқталды. Облыста бірінші разрядты спортшылардың саны тым аз. Облыс спортшылары өздерінің спорт шеберлігін жетілдіріп, республикалық жарыстарда алға орындарға шығып, 1956 жылы Москвада өткізілетін ССРО халықтарының спартакиадасына қатысуға право алуға жетісуі керек.

Физкультура - комсомол активінің жыйналысы спорт коллективтерінің жұмысын жақсартып, оларды спорт жабдықтарымен қамтамасыз етуге, раз-

да Л. А. Говоров жолдастың денсаулығы жаңадан болған инфаркт миокардтан кейін нашарлап, үшінші инфаркттен соң (1955 жылғы 2 мартта) науқасы өте-мөте ауырлай түсті.

...талды; өкпенің екеуінде де аса көп инфаркт табылды.

Жүректегі дауасыз дерт ажалға себеп болды.

ССРО Денсаулық Сақтау Министрлігінің 4-Басқармасының бастығы, профессор А. М. МАРКОВ.

Қорғаныс Министрлігінің Соғыс- Медицина Басқармасы бастығының орынбасары, медицина қызметінің генерал-майоры И. И. КУПЕРИН.

Медициналық Ғылым академиясының мүше- корреспонденті, профессор В. Х. ВАСИЛЕНКО.

Медициналық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор А. И. СТРУКОВ.

Совет Армиясының бас патолог- анатомы, профессор А. В. СМОЛЬЯННИКОВ.

Медицина ғылымының кандидаты Н. П. БОЩАНОВА.

19 март, 1955 жыл.

ЖАС САУЫНШЫЛАР

Таисия Петушкованың Октябрь ауданы, Интернационал колхозының тауарлы-сүт фермасында істей бастағанына 4 жылдан асты. Ол фермаға жетіжылдық мектепті бітірісімен келіп еді. Таисия алғашқы жылы бұзау күтті. Сол кездің өзінде-ақ жас қыз фермадағы Анастасия Еремута, Ақық Жайлаубаева сияқты тәжрибелі сауыншылардың жұмысына назар аударды, олардың жұмыс әдістерін үйренді.

Таисияның ынтасын білген колхоз басқармасы 1952 жылы оны сауыншылыққа ауыстырды. Ол алғашқы жылы қарамағындағы 13 сиырдың әрқайсысынан 1230 литрден сүт сауса, соңғы екі жылда 1543—1625 литрге жеткізді.

Артельде Таисия Петушкова сияқты басқа да жас сауыншылар қажырлы еңбек етіп жүр. Нина Бутырская, Мария Носко, Галина Совкова, Мария Руденко үздік еңбегімен колхозшылардың құрметіне ие болды.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысына жауап ретінде жас сауыншылар өздеріне бекітіліп берілген әрбір сауын сиырдан үстіміздегі жылы 1700—1800 литрден сүт саууға міндеттенді.

А. РАҚЫМЖАНОВ.

көп пайда келтірер еді.

Мектептерде, стадиондарда және төменгі спорт коллективтерінде спорт жабдықтары мүлдем жетіспейді. Мұның өзі жастардың ... бағытталған шаралар белгіледі. Бұл шаралардың мүлтіксіз орындалуын облыстық физкультура және спорт комитетінен талап етті.

Әдебиет кеші

Ленин атындағы орта мектепте (Октябрь ауданы) оқушылардың әдебиет пәндері бойынша өтілген материалдарды терең меңгеруіне жағдай туғызу мақсаты мен жеке ақын, жазушылардың шығармалары бойынша әдебиет кештері өткізіліп тұрады. Жақында жазушы А. Фадеевтің «Жас гвардия» романы бойынша әдебиет кеші өткізілді. Онда оқушылар романның кейіпкерлері жөнінде және басқа тақырыптарда баяндамалар жасады. Сол сияқты, ақын Некрасовтың шығармаларына арналған кеш те қызықты өтті.

Мектепте Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» деген романы бойынша кітап оқушылар конференциясы өткізілмек. Бұған әзірлік жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

М. ЖҰНЫСОВ.

Тың жерлерде ағаш өсіру

(Маманның кеңесі)

Қазақстанның тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарының табиғатында бірсыпыра ерекшеліктер бар. Бұл ерекшеліктер егіннен мол және тұрақты өнім алу үшін қажетті жағдайлар жасауды талап етеді. Қысты күні солтүстік облыстарда оңтүстік -батыстан және оңтүстіктен шапшаңдығы секундына 10—15 метрге жететін және онан да артық болатын жел жиі соғады.

Ағаш және бұта өспейтін аудандарда қатты жел соғуының салдарынан қар жер бетіне біркелкі түспейді, ал топырағының механикалық құрамы жеңіл жерлерде кейде қарадауыл болады.

Тың және тыңайған жерлер игерілетін өңірлерде орналасқан озат шаруашылықтардың тәжрибесі бұл табиғи кедергілердің бәрін егін қорғайтын ағаш өсіру арқылы жоюға болатынын дәлелдеп отыр. Бұл системаның негізгі элементтері—егін қорғайтын орман алқаптары, елді пункттердің айналасындағы орман алқаптары, даладағы өзендердің, көлдердің жағаларында және ирригациялық системалардың бойында ағаштар өсіру.

Егін қорғайтын орман алқаптарын ауыспалы егіс танаптарының шекараларында егу керек. Ағаш өсірудің бұл түрі республиканың тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан барлық облыстарында тараған. Мысалы, Батыс Қазақстан облысының Орал селекциялық станциясының және Теректі ауданы, «Красный Октябрь» колхозының, Қостанай облысы, Пешков ауданы колхоздарының, Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлют ауданы, Сталин атындағы колхоздың және басқа көптеген шаруашылықтардың егістіктеріндегі егін қорғайтын орман алқаптарының зор маңызы бар. Егін қорғайтын негізгі орман алқаптары осы ауданда желдің ең көп соғатын бағытына көлденең орналастырылған және олар бір-бірімен көлденең егілген орман алқаптарымен жалғастырылған. Сөйтіп, айналасына ағаш егілген тік бұрышты ауылшаруашылық егістіктері жасалады.

Егін қорғайтын орман алқаптарының қаншалықты пайдалылығы олардың бағытын дұрыс таңдап алуға байланысты болады.

Тың жерлер игерілетін өңірлердегі жел режиміне талдау жасау негізгі орман алқаптарының мынадай бағыттарын ұсынуға мүмкіндік береді: Қостанай облысының қаратопырақты өңірі үшін —батыстан, солтүстік-батыстан шығысқа, оңтүстікшығысқа қарай; Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстары үшін—оңтүстікшығыстан солтүстік - батысқа қарай; Павлодар облысы үшін — оңтүстіктен солтүстікке қарай; Қарағанды және Ақмола облыстары үшін — солтүстіктен, солтүстік - батыстан оңтүстікке, оңтүстік -шығысқа қарай; Батыс Қазақстан облысы үшін—оңтүстік-батыстан солтүстік—шығысқа қарай. Орман алқаптарының төзімділігі және ойдағыдай өсуі көбінесе олардың кеңдігіне байланысты болады. Сондықтан алқаптарды қатараралықтары 2,5 метрден етіп, кеңдігі 25 метр мөлшерінде жасау керек.

Жаңа совхоздың орталық усадьбаларын жобалағанда елді пункттерді қыста қар басудан, ал жазда аңызақ желден қорғайтын арнаулы орман алқаптарын жасауды қоса көздеу керек. Орталық усадьбаны қорғайтын алқап бір-бірімен қатар егілген кеңдігі 30 метр екі орман алқабынан жасалуға тиіс, олардың аралығы 50 метр болуы керек. Екі алқаптың аралығының мұндай болуы қардың неғұрлым қалың тоқтатылуы үшін қажет.

Қорғайтын алқап, әдетте, құрылыстардан кемінде 100 метр жерден басталады. Қорғайтын орман алқаптарында жол өтетін, кеңдігі 50 метрге дейін арнаулы ашық жерлер жасалады.

Мұнымен бірге, елді пункттер мен совхоздардың орталық усадьбаларын көгалдандырудың зор маңызы бар. Көшелердің ұзын бойына ағаштарды бұталармен араластырып отырғызған дұрыс. Тұрғын үйлер мен қызмет орындарының төңірегіне де ағаштар отырғызу жөн. Бұған қоса, әрбір елді пунктте парк және мектеп үйлерінің, әкімшілік корпустарының жанында, спорт алаңдарының, яслилердің, ауруханалардың айналасында жеке-жеке скверлер жасау көгалдандырудың мүшелі бір бөлегі болуға тиіс. Мысалы, Ақтөбе облысындағы Мартөк ауданының колхоздарында тамаша парктер бар. Мұнда ағаш және бұталар өсірілумен бірге гүл алаңдары да жасалады.

Егілген ағаштар мен басқа өсімдіктер поселкелерді қардан және аңызақ желдерден қорғайтын және оларды көгалдандыратын біртұтас көрініс жасауы керек. Үй іргесіндегі участоктерді көгалдандыру халықтың өзінің тілегі мен ұнатуына қарай өзгертілуі мүмкін. Бірақ жеміс-жидек дақылдары егілген участоктер мұндай екпе ағаштардың құрамды бөлегі болуға тиіс. Жеке меншіктегі баулардан басқа, әрбір елді пунктте қоғамдық мақсатқа арналған жеміс-жидек өсімдіктері егілген участоктер жасалуы қажет.

Суы тұщы көлдердің, тоғандардың және өзендердің жағаларында ағаштар отырғызу —орман алқаптарын жасаудың маңызды бір бөлегі. Ақмола, Батыс Қазақстан облыстарында және республиканың басқа бірқатар облыстарында егілген осындай ағаштар су көздерінің режимін жақсартуға едәуір әсер етіп, оларды қорыстанудан сақтайтынын көрсетті. Карасулардағы плотиналардың құламаларына арнаулы егілген ағаштар плотиналарды судың ағызып әкетуінен қорғайды.

Овощь дақылдарын өндіру үшін бірқатар аудандарда суармалы егіншілік шаруашылығы ұйымдастырылатын болады. Сөйтіп, ирригациялық құрылыстардың бойында арнаулы орман алқаптарын жасау қажеттігі туады.

Егін қорғайтын ағаштар өсірудің ұсынылып отырған системасы тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан бірсыпыра аудандарда жиынақталған кең көлемді өндірістік тәжрибеге негізделген. Бұл система Орал селекциялық станциясының территориясында неғұрлым толық жүзеге асырылды.

Тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда егін қорғайтын орман алқаптарын жасағанда далалық өңірдегі агротехниканың талаптарын орындау қажет. Бұл талаптар егін қорғайтын алқаптардың сипатына көп байланысты болады. Егілген ағаштардың ойдағыдай әсуіне жеткен Батыс Қазақстан облысындағы Орал селекциялық станциясының практикасы мынаны көрсетеді: егін қорғайтын орман алқаптары мен желден қорғайтын орман алқаптары үшін топырақты әзірлеу 45—50 сантиметр тереңдікте жыртылған қара пар системасы бойынша жүргізілуге тиіс. Топырақтың жыртылатын қыртысы кем жерлерде топырақты тереңдеткіштердің көмегімен қажетті тереңдікте қопсыта отырып, бір мезгілде жырту керек. Жерді аталған тереңдікте жырту оны қар тоқтатумен және топырақта ылғал жиынаумен ұштастыра білгенде ғана жеткілікті пайда келтіреді.

Қар тоқтату орман алқаптары жасалатын участоктерде қар қалыңдығы кемінде 1,5—2 метр болып тоқтайтындай етіліп қаржырткыштардың немесе қалқандар қоюдың көмегімен жүзеге асырылады.

Қар суы биіктігі 70 сантиметрдей атжалдар жасау әдісімен бөгеледі. Дөңес жерлердегі орман алқаптары ойға қарай ұзын бойына орналастырылғанда атжалдар оның екі жағынан жасалып, олардың арасынан әрбір 70—80 метр жерден тоспалар істеледі. Дөң биік болса, тоспаларды солғұрлым жиірек жасау керек. Ал, егер орман алқабы дөңеске көлденеңінен орналастырылса, атжалдарды оның етек жағынан жасап, әрбір 100—120 метр сайын көлденең тоспалар істеу қажет.

Егін қорғайтын ағаштардың барлық түрі ағаш отырғызатын «СЛЧ—1» машиналарының көмегімен механикаландырылған әдіспен отырғызылады. Ағашты көктемде отырғызған жөн.

Егін қорғайтын ағаш өсіру ісін ойдағыдай жүзеге асыру егілетін ағаштар мен бұталардың тұқымын дұрыс іріктеп алуға байланысты. Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Павлодар, Семей және Шығыс Қазақстан облыстарының қаратопырақты өңіріндегі тың жерлерді игеріп жатқан шаруашылықтарда ағаштардың мынадай тұқымын егуді ұсыну керек: Сибирь балқарағайы, жәй қарағай, ақ терек, қара терек, қотыр қайың, көк шаған және бұлармен араластырып егу үшін—жылтыр шегіршін, татар үйеңкісі; бұталардан: шетен, ырғай, татар шеңгелі, сары қарақат, сары қараған, аюбадам.

Қызыл қоңыр топырақты өңірде мына ағаштарды өсіру ұсынылады: шегіршін; үйеңкі, көк шаған, жылтыр шегіршін, татар үйеңкісі және бұталардан—сары қарақат, сары қараған, ырғай, шетен.

Республиканың солтүстік облыстарында егін қорғайтын орман алқаптарын ағаштың негізгі тұқымдарынан аралас өсетін ағаштарды қоса отырып жасаған пайдалы. Бұталарды тоғайдың шетіндегі қатарларға ғана отырғызу керек.

Орман алқаптары мен егін қорғайтын ағаштар егілген жерлер сеппелер егу жолымен жасалады, ал көгалдандырылатын алаңдарға ағаш екі-үш жылдық шыбық күйінде отырғызылады. 1955 жылы көктемде егін қорғайтын ағаш егу жұмыстарын жүзеге асыру үшін ағаштар мен бұталардың шыбықтары мен сеппелерін жақын жердегі орман шаруашылықтарының орман питомниктерінен және мемлекеттік орман питомниктерінен алуға болады: Ақмола ауданында—Красноярск орман питомнигінен, Қостанай ауданында—Қостанай питомнигінен, Павлодар облысында —Шарбақты питомнигінен, Ақтөбе облысында отырғызылатын ағаш тұқымын Ақтөбе және Темір орман питомниктерінен, ал Батыс Қазақстан облысында —Орал орман питомнигінен алуға болады.

Отырғызылатын ағаш тұқымын алғанда оның сапасына ерекше көңіл бөлу қажет, ал тасығанда өте ұқыптылық керек.

Топырақты дұрыс баптау және топыраққа ылғал сіңіру шараларының системасын жүзеге асыру егілген ағаштардың ойдағыдай өсуін қамтамасыз етеді. Алғашқы екі-үш жыл бойына топырақты үнемі қопсытып отыру керек. Ағаш өсіп-өнетін мерзім ішінде топырақты қай уақытта қопсыту ауа райының ерекшеліктеріне және арамшөптердің қалай өскеніне байланысты болады. Топырақ тракторға тіркелетін қайырмасыз сыдыра жыртқыштармен және атқа жегілетін культиватормен немесе трактор культиваторымен қопсытылады. Мұнымен бірге, скверлерде және парктерде ылғалдың неғұрлым үнемді жұмсалуы мақсатында топырақтың бетін жауып қоюды қолдану қажет. Мульчалау үшін (бетін жабу үшін) көңді, ағаштың үгіндісін, сабанның шіріген қалдықтарын және басқа қолайлы материалдарды пайдалануға болады.

Республиканың тың және тыңайған жерлері игерілетін аудандарда көгалдандыру шараларының системасын жүзеге асыру табиғатты түбірінен қайта өзгертуге көмектеседі, сондай-ақ Қазақстанның тың жерлерінде салынып жатқан жаңа поселкелерді көркейтеді.

И. ШЕРЛИН.

Ауылшаруашылық ғылымының кандидаты.

Халықаралық шолу

ПАРИЖ КЕЛІСІМДЕРІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТІҢ ШЕШУШІ КЕЗЕҢІ

Милитаристік Париж келісімдеріне қарсы Европа халықтарының күресі шешуші кезеңге қадам басты. Бонн үкметі бұл келісімдерді 18 мартта парламенттің екінші палатасында, бундестратта бекіттіріп үлгерді. Таяу күндерде Париж келісімдерін француз парламентінің екінші палатасында талқылады. Парижда жасалған келісімдерде көзделген герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларында ресми түрде күшіне кіретіні-кірмейтіні осы француз парламенті палатасының шешіміне байланысты.

Ал Европадағы оқиғалардың бұдан былайғы дамуы Батыс Германияны милитарландыру жоспарларына қатысы бар мәселелерді шешуге байланысты екендігі жұртқа мәлім. Бұл жоспарларды жүзеге асырудың мәнісі Германияны бөлшектеу және жаңа соғыс өртінің хауіпін күшейту деген сөз. Мұның керісінше, герман милитаризмін қайта тудыру жоспарларын қабылдамай тастау Германияны қайта қосуға, Европа мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды етуге жол ашады. Сондықтан да, Батыс Европа парламенттерінде, соңғы инстанцияларында Париж келісімдерін талқылаумен байланысты мұнда, әрессе Батыс Германия мен Францияда, саяси жағдайдың шегіне жетіп шиеленіскені тегін емес.

Бұл елдердегі билеуші топтар АҚШ пен Англияның империалистерімен бірлесе отырып, көптеген әрекеттер жасау арқылы —қысым жасау, алдау, уәделер беру арқылы бірқатар батысевропалық елдер парламенттерінің төменгі палаталарында және Бонн бундестратында Париж келісімдерін бекіттірді. Бірақ олар бұл әрекеттерімен өз елдерін саяси шайқастар шегіне жеткізді.

«Канцлер Аденауэрдің бундестагта жеткен жеңісінің қайғылы жемістері, — деп жазған американдық «Нейшн» журналы, —қазірдің өзінде-ақ сезіле бастады... Бундестаг көпшілігімен Батыс Германия халқының арасында аса терең шыңырау туды. Бундестагтегі жарыссөздердің қарсаңында канцлерге (Аденауэрге) және Париж келісімдеріне қарсы жүргізілген науқанның сипаты халықтық қозғалысқа, Германия көп жылдардан бері көріп- білмеген зор қозғалысқа айналды». Тіпті қазірдің өзінде де бундестраттың мүшелері де Париж келісімдерін жақтап дауыс беріп отырған кезде, Вашингтон мен Бонндағы билеуші топтар бұл келісімдердің түпкілікті тағдырына әлі де сеніп отырған жоқ.

Францияда бұдан да шиеленіскен жағдай туды. Республика советінде Париж келісімдерін талқылау 22 мартқа белгіленген. Егер бұл совет келісімдерді бекіту туралы заң-жобасына нендей бір ту-

лығы, — Париж келісімдерін мақұлдау арқылы өздеріне жауапкершілік алғысы және Германияны қаруландыруды қолдағысы келмес еді».

Франция билеуші топтарының жағдайын барған сайын ұзаққа созылып, шиеленісе түскен Саар туралы мәселе жөніндегі француз-герман қайшылықтары қиындатып отыр. Шетелдік баспасөз былай деп хабарлады: Бонн үкмет коалициясының Саар туралы мәселе жөнінде бөлшектелуіне және осыған байланысты бундестагте Париж келісімдерін сәтсіздікке ұшырау қатеріне тек Батыс Германиядағы американ жоғарғы комиссары Конэнт ашықтан-ашық араласуы нәтижесінде ғана жол беріледі. «Егер Конэнт араласпаған күнде, —деп жазды американдық «Нейшн» журналы, — Аденауэр үкметі құлап күйрейтін еді». Ал, АҚШ пен Англияның басшы өкілдері Францияда бұдан да гөрі «күшті құралдар» қолданды. Мысалы, Британияның премьер-министрі Черчилль француз үкметіне арнаулы хат жолдап, онда былай деп қыр көрсетті. «Егер Франция Германияны қаруландыру туралы келісімдерді бекітпесе, онда оның орнын басқа біреу, турасын айтқанда: Батыс Германия (А. Ш.) басатын болады». Француздық «Пари-пресс Энтрансижан» газеті былай деп хабарлады: Эйзенхауэр, Даллес және Иден де француз үкметіне дәл осындай үш хат жолдады.

Бірақ, Вашингтондағы, Лондондағы, Париждағы, Бонндағы билеуші топтардың қысым көрсетуіне және тімискілеген әрекеттеріне қарамастан, неміс халқы мен француз халқы басқа европалық елдердің халықтарымен бірге Париж келісімдеріне қарсы қажырлы күресті онан әрі жүргізуде. Париж келісімдеріне және герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күрестің 10 мартта өткізілген халықаралық күні көрсетіп бергеніндей, бұл күрес шынында да бүкілхалықтық көлемде өрістеп отыр. Батыс Германияда, астыртын жағдайда қимыл жасап отырған ГКП-мен қатар, ГСДП, кәсіподақтар, жастар ұйымдары, евангель шіркеуі, сонымен қатар кейбір буржуазияшыл қайраткерлер мен ұйымдар Париж келісімдерін бекітуге қарсы күрес жүргізуде. Францияның барлық жерінде де бұқаралық жиналыстар өткізіліп, жиналыстарға қатысушылар герман милитаризмін қайта тұрғызуға қарсы дауыс беруді сенаторлардан талап ету үшін республика советіне өз делегаттарын жіберуде. Француз халқының басым көпшілігі Париж келісімдерін айыптауда.

Париж келісімдерінің халыққа қарсы милитаристік сипаты қазір қалың халық бұқарасына айқын болып отыр, сондықтан да халық бұқарасы бұл жайында билеуші топтар қандай қарарлар қабылдай

Оңтүстік Шығыс Азияға арналған агрессиялық шартқа (СЕАТО) қатысушылардың осы жылғы февральдың аяғында Бангкокте болып өткен кеңесі АҚШ-тың Азиядағы агрессиялық әрекеттерін ұлғайтуға, бұл мақсаттар үшін азиялықтардың (Жапонияны, Чан Кай-ши тобын, Оңтүстік Кореяны және басқаларды) пайдалануға тырысқан әрекеттері азиялық елдер тарапынан қарсылық жасалғанын көрсетті. Осыны ескеріп, АҚШ империалистері өз мақсаттарына басқа жолмен, Европада бұған дейін өздері байқап көрген жолмен—«экономикалық көмек» жоспарының жәрдемімен өтуге ұйғарды. Қазір «Азияға арналған Маршалл жоспары» дейтіннің идеясы жарыққа шығарылып, уағыздалуда.

Бұл жоспардың жаршысы және ұйымдастырушысы АҚШ-тың шетелдік операциялар басқармасының басшысы Гарольд Стассен болды. Ол Оңтүстік-Шығыс Азия елдерін үш апта бойы аралап американ «көмегінің» шарттары туралы бұл елдерге бірқатар ұсыныстар жасады. Соның өзінде Стассен былай деп мәлімдеді: АҚШ-пен соғыс келісімдеріне байланысты және СЕАТО-ға кіретін елдер (мысалы, Пакистан) «көмекті алдыңғы кезекте» алады. Азиялық елдерді кіріптарлыққа ұшыратуға тырысып, американ империалистері Азия халықтарына қуаты мен тәуелсіздігін нығайтуға көмектесіп отырған бұл елдердің демократиялық дүниемен экономикалық байланыстарын бұзуға әрекеттенуде. Стассен Токиода болған кезінде Жапонияның ССРО-мен және Қытай Халық Республикасымен сауда жасамауын талап етті. Американдық «Юнайтед стейтс ньюс энд уорлд рипорт» журналы тіпті жуырда ғана Делиден берген хабарында Индияда болат қорыту заводын салу туралы Индия мен ССРО арасында жасалған келісімге жала жабуға және ССРО Азияға техникалық көмек көрсете алмайды-мыс деп сендіруге тырысып бақты.

Бұл арада жапон буржуазиялық баспасөзі мен радиосы Стассеннің қулық-сұмдықтарына тойтарыс бергендігінің ерекше мәні бар. «Жапонияның Қытаймен және Совет Одағымен жақындасу себептері, —деп жазды «Ниппон кейдзай» журналы, —көбінесе саяси пікірлерден гөрі, қайта Жапонияның экономикалық дербес жағдайға жетуінің қажеттігінен туып отыр». «Экономикалық көмектің» американ жоспарларына тоқтай келіп, жапон радиосы былай деп атап көрсетті: «Оңтүстік- Шығыс Азияның көптеген елдері осы көмекті алған күнде саяси және экономикалық тәуелсіздіктен айырылып қаламыз деп хауіптенуде.

Стассеннің Азияға барудағы көзделген

„Болгар-совет достығының нұрлы сәулесі астында“

СОФИЯ, 18 март. (СОТА). Бүгін барлық газеттер Совет Одағы мен Болгар Халық Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы договордың жеті жылдығын кеңінен атап өтуде.

Болгар-совет достығының нұрлы сәулесі астында, деп жазады «Работническо дело» газеті, біздің социалистік Отанымыз күннен-күнге нығайып, гүлденіп келеді. Біздің көп ғасырлық тарихымызда бірінші рет қазір 9 сентябрьдегі халық көтерілісінің және Совет Одағының жан-жақты көмегінің нәтижесінде бізде Отанымыздың өндірістік күштерін өркендету, мәдениетті өрге бастыру және еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін арттыру үшін нағыз қолайлы мүмкіндіктер жасалып отыр.

«Отичество фронт» газеті былай деп жазады: договор туысқан совет халықтарымен достықты нығайтты, бұл достық бір мақсатқа жалпы ұмтылуға негізделген шын мәніндегі достық. Бейбітшілік және адамзаттың гүлденуі жолындағы күресте Совет Одағымен қоян-қолтық бірлесіп алға басу біз үшін қуаныш, құрмет әрі бақыт.

Венгрия мен Германия арасындағы соғыс жағдайының тоқтатылуы

БУДАПЕШТ, 18 март. (СОТА). Бүгін Венгер Халық Республикасы Президиумының Указы жарияланды, онда, атап айтқанда, былай делінген: осы Указға сәйкес, Венгер Халық Республикасы мен Германия арасында болып келген соғыс жағдайы тоқтатылады: бұлардың арасында соғыс жағдайының тоқтатылуымен байланысты бейбіт қатынастар қалпына келтіріледі.

Соғыс жағдайының тоқтатылуы Германияның халықаралық міндеттемелерін қалпында сақтайды және төрт державаның Германия жөніндегі халықаралық келісімдерімен белгіленген Венгер Халық Республикасының праволары мен міндеттемелерін өзгертпейді.

ДАЛЛЕСТІҢ КАНАДАҒА БАРУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 18 март. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Оттавадағы тілшісінің хабарлауынша, АҚШ мемлекеттік секретары Даллес 17 мартта Оттаваға келген. Даллес баспасөз өкілдеріне өзінің Канада үкметінің басшыларымен Европаның және Азияның «қорғаныс» мәселелерін, сонымен қатар «экономикалық проблемаларды» талқылайтынын мәлімдеген.

Даллестің Оттаваға Австралияның премьер-министрі Мензиспен жүргізген келіссөздерін аяқтағаннан кейін келіп отырғаны ерекше назар аударарлық нәрсе, ал бұл келіссөздердің барысында

Хауіпсіздік Советінде

НЬЮ-ЙОРК, 18 март. (СОТА). Кеше Хауіпсіздік Советінің мәжлісінде Египет бақылайтын Газаға таяу жердегі территорияға Израиль қарулы күштерінің осы жылғы 28 февральда жасаған шабуылы жайында берілген Египеттің шағымы онан әрі қаралды. Израильдің Египетке қарсы берілген шағымы да күн тәртібіне енгізілді.

Мәжлісте Совет Одағының өкілі А. А. Соболев бірінші болып сөз сөйлеп, Хауіпсіздік Советіне Египеттің өкілі тапсырған шағым жайында совет делегациясының позициясын баяндап берді.

Фактілер және болған жанжал, деді ССРО өкілі, мынаны көрсетіп отыр: осы жылғы 28 февральда Газа ауданында Египеттің қарулы күштеріне Израильдің қарулы күштері тарапынан шабуыл жасалып, соның салдарынан Египет әскерлерінің едәуірі құрбан болды. Газа ауданында болған жанжалдың егжей-тегжейі бұл жанжал үшін Израильдің жауапты екенін көрсетеді. Израиль қарулы күштерінің бұл әрекеттерінің БҰҰ Уставын өрескел бұзғандық болып табылатынын және бұл ауданға шиеленісті күшейте түскенін көрмеуге болмайды, ал бұған Хауіпсіздік Советі назар аудармай отыра алмайды.

Сонымен бірге, деді Соболев бұдан кейін, Совет делегациясы мынаған назар аударуды қажет деп санайды: Израиль өкілінің осы аудандағы жағдайдың шиеленісіп отырғаны туралы айтқан пікірлеріне соқпай өте шығуға болмайды. Фактілер көрсетіп отырғанындай, бұл шиеленіс Таяу және Орта-Шығыс елдерінің арасында бейбітшілік пен достық қатынастарды нығайтуға емес, қайта соғыс блоктерін топтастыруға бағытталған кейбір мемлекеттер саясатының салдары болып табылады, мұның өзі осы аудандағы елдердің ұлттық тәуелсіздігі мен хауіпсіздігіне қатер төндірмей қоймайды. А. А. Соболев совет делегациясының атынан Египет халқына Газа ауданындағы жанжалмен және Египеттің қазаға ұшырағанымен байланысты көңіл айтқан сезімін білдірді. Совет Одағының өкілі сөзінің қорытындысында былай деп мәлімдеді: ол БҰҰ-ның Палестинадағы байқаушылар штабы бастығының баяндамасын және Египет пен Израиль өкілдерінің сөздерін зерттеп шыққаннан кейін Египет шағымының мәні жөнінде сөз сөйлеу правосын өзінде сақтайды.

Бұдан кейін БҰҰ-ның Палестинадағы байқаушылар штабының бастығы генерал Бэрнс баяндама жасады. Ол мынаны хабарлады: қазір анықталып отырғанындай, 1955 жылғы 28 февраль күні түнде Израиль армиясының бөлімдері уақытша бітім туралы келісіммен белгіленген демаркациялық шеппен басып өтіп, Египет бақылайтын территорияға кірген, сөйтіп, Египеттің соғыс лагеріне және порт ауданын сумен жабдықтайтын насос станциясына атака жасаған. Израиль солдаттарының басқа бір тобы Газаның оңтүстік-шығысы жағында демаркациялық шеппен басып өтіп, Египет гарнизонына көмекке жіберілген әскери бөлімдерге қарсы тосқауыл қойған. Осы шабуылдың салдарынан Египет жағы мынадай зиянға ұшыраған: 38 адам өлген және 31 адам жараланған.

Генерал Бэрнс бұл жанжалды уақытша бітім туралы келісімді бұзғандық деп сипаттады. Өзінің сипаты, көлемі және келтірген зияны жағынан, деп мәлімдеді ол, мұның өзі уақытша бітімге қол қойылған кезден бері екі жақтың арасында болған ең елеулі соқтығысу болып табылады. Бэрнс баяндамасының едәуір бөлегі уақытша бітім туралы келісімді екі жақтың бұдан бұрын бұзған фактілеріне арналды. Мұның өзі Газа ауданындағы жанжалды талқылау үшін уақытша бітім туралы келісімді бұзушылықтар жайындағы жалпы дискуссияға айналдыратын ниет бар деген әсер тудырды.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Египеттің өкілі Омар Лютфи Газа ауданында болған қарулы соқтығысудың егжей тегжейлерін хабарлады және Израильдің тұрақты армиясы бөлімдерінің Египет бақылайтын территорияға жасаған шабуылын «агрессия» деп сипаттады. Израиль өкілі келесі мәжлісте сөйлегісі келетінін айтты, осыдан кейін мәжліс жабылды.

Азия мен Африка елдерінің алдағы конференциясына АҚШ-тың наразылығы

НЬЮ-ЙОРК, 18 март. (СОТА). Азия мен Африка елдерінің конференциясы шақырылатын күн жақындаған сайын АҚШ империалистерінің бұл елдердің халықтары жөніндегі арам ойларын әшкерелеуге конференцияның көмектесуі мүмкін екендігі жөнінде АҚШ билеуші топтарының хауіптеніп отырғаны американ баспасөзінің хабарларынан жиі-жиі байқалуда.

Бұл жағынан алғанда Сент-Луисте шығатын «Пост диспетч» газетінің Вашингтондағы тілшісі Гранттың қолы қойылып, осы газетте басылған мақаланың

тарының» кейбіреулеріне сөз салып, конференцияның жұмысын АҚШ-қа қолайлы бағытқа түсіруге кеңес беруде.

Грант, дегенмен, АҚШ-тың Азияда ұстап отырған «жалпы позицияларының» салдарынан Америка «достарының» конференцияда қиын жағдайда қалуы мүмкін екенін мойындаған. Ол Манила шартына (СЕАТО) қатысушы елдердің жуырда Бангкокте болған кеңесінде Даллестің күш көрсету саясатын уағыздаушы ретінде әрекет жасағанын еске салған. Ал

зету енгізетін болса, онда бұл келісімдер ұлттық жыйналыста қайтадан талқыланатын болады. Ал американ монополиялары мен олардың француз агентурасы, ұлттық жыйналыста Париж келісімдерін қандай зор қыйыншылықпен бекіттіргенін бетке ұстап, өз тағдырын тағы да бір рет сынға салғысы келмейді. Мұның үстіне қазір француз сенаторлары сайлаушылардың пікіріне елегізіп отыр, өйткені Францияда таяудағы уақытта екінші палатаның ішінара сайлауы өткізілуге тиіс. «Енді көп ұзамай сайлаушылардың алдында жауап беруге тиісті болып отырған сенаторлардың, — деп жазды француздық «Перспектив» аптатүрса да, герман милитаризмін қайта тудыруға қарсы күресті ешуақытта да тоқтатпайды.

ӘЛІН БІЛМЕГЕН ӘЛЕК...

Азияның санасы оянғалы және бірқатар азиялық елдердің ұлттық, саяси тәуелсіздікке қолы жеткені американ отаршыларын мазасыздандырып отыр. Олардың Азия елдерінің тәуелсіздігін мүмкіндігінше, азиялықтардың өз қолдарымен басып тұншықтырғысы және азиялық елдерді американдардың қолымен экономикалық жағынан құлдандырғысы келіп отырғаны олардың әрекеттері мен сөздерінен күмәнсіз айқын көрінуде.

...тін халық мақалымен сипаттауға болады. Құрама Штаттар Азияны ашықтан-ашық соғыс жүргізу жолымен кіріптарлыққа ұшырата алмады, сондықтан ол енді бұл мақсатына «Азияға арналған Маршалл жоспарының» жәрдемімен жетуге әрекеттенуде. Бірақ Оңтүстік-Шығыс Азияның халықтары, отаршылардың зұлымдық айла-әрекеттері қандай пердемен бүркемеленсе де, мұндай әрекеттердің астарлы сырын аша білетін болды, сондықтан олар американ «көмегінің» ешқандай жоспарларына алданып қалмайды.

А. ШАТИЛОВ.

...Азиядағы және Тынық мұхит ауданындағы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы күресу үшін «қуатты қарулы күштер» дейтіндерді құру туралы мәселе талқыланған.

АҒЫЛШЫН КӘСІПКЕР ТОПТАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНА САПАРЫ

ЛОНДОН, 18 март. (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, 14 ағылшын фирмалары өкілдерінің бір тобы Қытайдың мемлекеттік импорт-экспорт компаниясының шақыруы бойынша сауда келісімдерін жүргізу үшін осы айда Пекинге баратын көрінеді.

...ерекше мәні бар. Тілші былай деп жазған: АҚШ «Азия мен Африка елдері конференциясының мүлде өтпей қалуын тілеген болар еді.» Бірақ АҚШ бұл конференцияның шақырылуына бөгет жасай алмағандықтан, ол Таяу Шығыс пен Оңтүстік-Шығыс Азия елдері арасындағы өз «дос...

ФРАНЦИЯДА ССРО ҮШІН САУДА КЕМЕСІ ЖАСАЛА БАСТАДЫ

ПАРИЖ, 18 март. (СОТА). Бордо қаласындағы «Жиронда» кеме жасау верфінде Совет Одағы үшін, 5 мың тонна жүк көтеретін, сауда кемесі жасала бастады. Кеменің негізін қалауда ССРО-ның Франциядағы сауда өкілі В. П. Дашкевич және Францияның ресми өкілдері болды.

...Азия мен Африка елдерінің халықтары «мұндай күштің ролін кеміту үшін батыл қыймыл жасауға бел байлауда». «Күш қолдануды көздейтін американ позициясына» деп жазған ол, «Азияда үстемдік (АҚШ-тың.—**Ред.**) орнатуды көздейтін позиция» деп бағалануы әбден мүмкін.

МАЛАЙЯНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ҮШІН

ДЖАКАРТА, 18 март. (СОТА). Анета агенттігінің хабары бойынша, Джакартада «Малайяның тәуелсіздігі лигасы» құрылған, оның мақсаты Малайяның тәуелсіздігі үшін күресу болып табылады. Лига Индонезиядағы және басқа елдердегі барлық малайялық ұлттық топтарды топтастыруды белгілеп отыр.

Империалистік державалардың Латин Америкасы елдеріндегі тартысы

Соңғы кездерде буржуазия баспасөзі империализм лагеріндегі өсіп келе жатқан қайшылықтар туралы, көңілсіздікпен болса да, жиі-жиі жаза бастады. Таяу және Орта Шығыстағы, Латин Америкасы елдеріндегі және жер шарының басқа да аудандарындағы рыноктар үшін басты басты капиталистік мемлекеттердің арасында бәсеке күшейіп, товарды өткізу мәселесінің барған сайын қыйындай түскендігі туралы ағылшын және француз буржуазиясының газеттері ашықтан-ашық қынжылып жаза бастады.

Мұндай жағдайдың тууына капиталистік дүниеде толық үстемдік ету үшін ұмтылған АҚШ империалистерінің экспансиялық саясаты себеп болып отыр. Жеке алғанда, Латин Америкасы елдерінде үстемдік жүргізу үшін АҚШ пен Англия арасындағы тартыс жалпы империалистік лагерге тән экономикалық және саяси қырқысулардың бет-пердесін едәуір аша түседі.

Соғыстан кейінгі жылдарда Орталық және оңтүстік Американың 20 республикасы капиталистік мемлекеттердің экономикалық экспансиялау саясатында үлкен орын алды.

Латин Америкасында шикізат және азық-түлік қорларының өте молдығы жұртқа мәлім. Сонымен қатар рынок ретінде де оның ролі зор. Латин-американ елдері жылына сомасы 7 миллиард доллар ын астам өнеркәсіп бұйымдарды тұтынады. Бұл дүниежүзілік капиталистік импорттың 11 процентіндей. Сондықтан империалистер, әсресе американ магнаттары Латин Америкасын капиталды орналастырудың ең бір тиімді ауданы деп есептейді.

Латин Америкасы елдеріне үстемдік жүргізу үшін АҚШ пен Англия арасындағы тартыстың тарихы бұдан көп жылдар бұрын, тіпті бірінші дүниежүзілік соғыстан да ертеректен басталады. Алайда олардың бірін бірі үзілді-кесілді жеңуі екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында болды. «Европадағы соғыс,—деп жазды ағылшынның «Экономист» журналы,—Құрама Штаттардың латин-американ рыноктарын басып алуына өте-мөте қолайлы жағдай туғызды, олар бұл жағдайды дереу пайдаланды да».

Европалық елдер соғыспен айналысып жатқанда, Америка монополистері Латин Америкасында экспансияны мейлінше күшейтті. Олар ондағы елдермен өздеріне өте пайдалы договорлар жасасты, мол пайда беретін шикізат көздерін өз қолдарына алып үлгірді. Осының нәтижесінде бұл ауданда АҚШ-тың позициясы едәуір күшейіп, европалық елдердікі нашарлай түсті. Егерде 1939 жылы Англия мен АҚШ-тың Латин Америкасы елдеріндегі капиталдары бірдей болса, 1948 жылы Құрама Штаттардың капиталы 6 миллиард долларға жетті, ал Англиянікі 2,6 миллиард долларға дейін кеміді.

Бірақ ағылшын буржуазиясы Латин Америкасындағы соғыс жылдарында жоғалтқан позициясын қайтадан қалпына келтіру әрекетінен бастартқан жоқ. 1947 жылы ағылшын топтары Бразилиямен алғаш рет өздеріне тиімді келісім жасай алды. Оның соңынан Англия Чилимен, ал 1949 жылы Аргентинамен договор жасасты.

АҚШ-тың монополиялық бірлестіктері латин-американ елдерінің Англиямен және басқа да европалық елдермен сауда договорларын жасасуына барынша кедергі жасап бақты. Дегеніне жету үшін олар Латин Америкасы елдеріне бопсалау, қоқандлоққы саясатын жүргізуден бастап, экономикалық ашықтан-ашық қысым жасауға дейін барды.

Ағылшын капиталистерінің күш салуы нәтижесінде соғыстан кейінгі алғашқы жылдарда латин-американ елдерінің АҚШ-пен саудасы біраз қысқарды.

Бірақ бұл ұзаққа созылған жоқ. Кореяда авантюралық соғыс ашуының арқасында американ монополистері өз істерін тез арада-ақ түзеп алды. Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағыдай, Құрама Штаттар тағы да Латин Америкасынан стратегиялық шикізатты, азық-түлікті көптеп сатып ала бастады. Латин-американ елдерінің АҚШ үшін экспорты ұлғаюының нәтижесінде бұл елдерде доллар кризисі біраз бәсеңдеді, олардың Құрама Штаттармен сауда айналымы кеңейді. Егерде 1950 жылдың бірінші тоқсанында, яғни Кореяда соғыс басталардан бұрын, АҚШ үшін латин-американ елдерінің экспорты 725 миллион доллар болса, ал 1951 жылдың бірінші тоқсанының өзінде-ақ ол 1.281 миллион долларға дейін өсті.

Бұл кезде Англияның Латин Америкасымен саудасы қайтадан азая бастады. Латин америкасымен сауда айналымында Англияның үлесі 1949 жылғы 11,6 проценттен 1951 жылы 7 процентке дейін қысқарды.

Латин-американ елдеріндегі өз позициясын нығайту үшін ағылшындар сол елдермен өздерінің көп жылдардан бергі финанс және сауда қатынастарын пайдалануға және АҚШ тың Латин Америкасындағы тонаушылық саясатына наразы жергілікті буржуазияның топтарын өздеріне тартуға тырысуда. 1952 жылы Англия Аргентинамен, Уругвайымен, Кубамен бірқатар тиімді договорлар жасасты, латин-американ елдерінің кейбіреулеріне «метеор»—реактивтік самолеттерін және «Канберра» атты бомбардировщиктерін сатты.

Бірақ латин-американ рыногын түгел алғанда Англия саудасының бұл ауданда нашарлап бара жатқандығын айқын көруге болады. Ағылшын газеті—«Обсервер», ағылшын саудасының азайып бара жатқандығы туралы қынжыла жазуда. Бірақ оның себебі Англия капиталының тоқырап қалғандығынан емес деп атап көрсетеді: «Бұл жағдай,—дейді газет, бәсекенің күшеюінен, Англияны басқа елдердің артқа ығыстыруынан болып отыр».

Латин Америкасында Англияның экономикалық позициясының нашарлауына АҚШ монополияларының тегеурінімен қатар жер шарының осы ауданында жылдан жылға өз позициясын нығайтып келе жатқан Батыс Германияның экспансиясы да кері әсерін тигізуде. Батысгермандық өнер кәсіп иелері, АҚШ дипломатиясының көмегімен, Латин Америкасындағы өздерінің бұрынғы көп жүйелі сауда договорларын, келісімдерін қалпына келтіріп, неміс товарларына жол ашқан 1948 жылды латин-американ елдеріндегі өздерінің бұрынғы позицияларының қалпына келтірілуінің бастамасы деп санайды.

Батысгермандық монополиялар әсресе Бразилия мен Аргентина рыноктарында үлкен белсенділік көрсетуде. Бразилияның іскер топтарының органы «О обсервадор экономикоэ финансейро» журналы Бразилиядағы «Германияның қазіргі позициясы оның 1940 жылғы позициясына жақындап қалды» деп жазды.

Атап айтқанда, Батысгермандық өнеркәсіп иелері Бразилияның Батыс Германиядан сатып алатын товарларына қарағанда өздері Бразилия товарларын 20—25 процент көп сатып алуға келісті. Мұнымен қатар олар товарларды дүниежүзілік капиталистік рыноктағы бағадан жоғарылау бразилия бағасымен сатып алуды мақұлдады. Бразилия үкіметі де өз нәубетімен неміс саудагерлері үшін бірсыпыра жеңілдіктер мен артықшылықтар жасады.

Осылардың нәтижесінде 1954 жылдың үш тоқсанында өткен жылдағы осы мерзіммен салыстырғанда Батыс Германияның Бразилияға экспорты 58 процент өсті.

Көптен бері жақсы қарым-қатынаста болып келген аргентиналық рыноктан да Англияны Батыс Германия едәуір ығыстырып тастады. Бұл жағдай ағылшын буржуазиясын өте-мөте абыржытуда. 1951 жылдың өзінде Батыс Германия Аргентинаға экспорт жөнінен Англияны басып озып, онда АҚШ-тан кейін екінші орынға ие болды.

Англияның финанс министрлігі бюллетенінің 1954 жылғы декабрьдегі бір номерінде Батыс Германия мен Англия арасындағы күшейіп бара жатқан бәсеке туралы шолу жасалды. Онда «Орталық және оңтүстік Америкада қазір экспорт мөлшері жөнінде Батыс Германия АҚШ-тан кейінгі екінші орынға ие болып отыр» деп атап көрсетілген.

Ағылшын буржуазиясының топтарында Батыс Германияның сыртқы рыноктарда үстемдік алуы оның қару-жарақ шығару программасының жоқтығынан деген пікір тууда. Міне осыдан барып батысевропалық одақ құру мәселесі капиталистік мемлекеттердің сыртқы рыноктар үшін күресімен ұштасып жатқандығы анық көрінеді. «Великобританияның экономикалық топтарының пікірі бойынша,—деп жазды француз газеті «Энформасьон»,—Батыс Германияны қайтадан қаруландыру Великобритания үшін өте пайдалы. Өйткені, Германия қаражаттарының бір бөлегі соғыс қажеттеріне жұмсалады. Бұл жағдайда ағылшын өнеркәсіп иелері халықаралық рыноктар үшін бәсекеде неміс өнеркәсіп иелеріне төтеп бере алады».

Ағылшын буржуазиясының есебін көрегендік деп айтуға болмайды. Жанталаса қарулану Батыс Германияның сыртқы экономикалық экспансиясын тоқтатпайтыны былай тұрсын, қайта оны күшейте түсетіндігін тәжрибе көрсетіп отыр. Батыс Германияда соғыс өндірісінің ұлғаюы оның шикізаттардың көзі үшін, осыдан барып өткізу рыноктары үшін таласының күшейе түсетіндігі сөзсіз.

Бейбітшілік және демократиялық лагеріндегі елдерге қарсы агрессиялық блоктар құру арқылы АҚШ-тың, Англияның және басқа да капиталистік державалардың империалистік топтары өздеріндегі өсіп келе жатқан қайшылықтарды бәсеңдеткісі келеді. Бірақ та таптық мүдделеріне қарай жасалған келісім монополиялардың ең жоғары пайда табу үшін күресінен туған қайшылықтарды ешуақытта жоя алмайды. Латин Америкасындағы рыноктар үшін, шикізат көздері үшін, капиталды орналастыру сферасы үшін басты-басты капиталистік елдер арасындағы көп жылдар бойғы, ешуақытта тоқтап көрмеген тартыс—империализмге тән барлық қайшылықтардың бұрынғыдан да шиеленісе түскендігінің тағы бір белгісі.

В. ЧИЧКОВ.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет- тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4.39. Газет баспасы —5,53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00729.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.